



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПӘН ОЛИМПИАДАЛАРЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫМЕН ЖӘНЕ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадаларында жеңімпаз атанып, жүлделі орындарға ие болған оқушылармен және студенттермен кездесті.

Салтанатты іс-шараға 21 лауреат, сондай-ақ олардың ұстаздары мен тәлімгерлері шақырылды. Физика, химия, биология, математика, информатика, география және лингвистика пәндерінен беделді білім сайысында топ жарған жеңімпаздардың алтауы – алтын медаль, он бірі – күміс, төртеуі – қола медаль иегерлері.

Президент білім сайысында үздік нәтижеге қол жеткізген дарынды жастарды жарқын жеңісімен құттықтап, оларға шынайы ризашылығын білдірді.

– Әрқайсыңыз әлемнің ең зияткер оқушыларымен бәсекеге түсіп,

беделді білім додаларында топ жардыңыздар. Көк Туымызды биікке көтеріп, еліміздің абырой-беделін арттыруға мол үлес қосып жүрсіздер. Біз сіздерді мақтан тұтамыз. Қазақстанның жарқын болашағы – ойы ұшқыр, білімді, дарынды жастардың қолында. Мен Мемлекет басшысы ретінде бәріңізге зор ризашылығымды білдіремін. Сіздер ел мақтанышы деген атқа лайықсыздар! – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев табанды еңбек, үздіксіз ізденумен жеңіп алған әр медальдің бағасы қымбат, маңызы зор екенін атап өтті.

– Сағаттап оқу, айлар бойы дайындық жүргізу, жылдар бойы биік мақсатқа ұмтылу үшін, ең алдымен, қажырлы қайрат пен мықты күш-жігер керек. Ұлы Абай да «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп өсиет айтты. Сіздер әрқайсыңыз көп ұзамай білікті инженер, көрнекті ғалым, мықты маман боласыздар. Жаңа технологияларды ойлап тауып, еліміздің өркендеуіне, әлемнің дамуына ықпал ететін жаңалық ашасыздар. Мен бұған кәміл сенемін, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан – нағыз дарынды жастардың елі. Ұл-қыздарымыз барлық бағытта, әсіресе, білім саласында үздіктер қатарынан көрініп келеді.

– Биыл оқушыларымыз 44 халықаралық олимпиада мен ғылыми сайысқа қатысып, мыңнан астам медаль жеңіп алды. Оның 200-ден астамы – алтын медаль. Мұны тамаша жетістік деуге болады. Осы тұста халықаралық физика олимпиадасында керемет өнер көрсеткен оқушыларды ерекше атап өткім келеді. Беделді бәсекеге қатысқан бес талапкеріміздің бесеуі де алтын медаль алып, жеңімпаз атанды. Бұл – бұрын-соңды болмаған бірегей көрсеткіш. Жалпы, біз барлық бағыттар бойынша осындай үздік нәтижеге ұмтылуымыз керек. Қазақстан жастарының әлеуеті оған толық жетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір еліміз тарихи өрлеу кезеңіне қадам басқанына назар аударды.

– Біз бір ел, бір халық болып ауқымды реформаларды жүзеге асырдық. Жаңа Конституциямызды қабылдадық. Еліміздің бас құжатында ғылым мен білімге, инновацияға басымдық бердік. Ең бастысы, жаңа Конституция өскелең ұрпақтың игілігі үшін жазылды. Кеше ғана тарихымызда тұңғыш рет Құрылтай сайлауы өтті. Бұл сайлау сәтті, мінсіз ұйымдастырылды деп айтсақ, қате болмас. Осы мүмкіндікті пайдаланып, бүкіл халқымызға азаматтық кемелдік танытып, жаңару стратегиямызды қолдағаны үшін мың да бір алғысымды айтамын. Сайлау кезінде бір топ байқаушылар, соның ішінде халықаралық байқаушылар өте тиімді жұмыс істеді. Оларға да зор ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының мүшелеріне рахметімді айтамын. Олар өте табанды қызмет атқарды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда Президент мемлекет тарапынан барша дарынды жастарға әрдайым қолдау көрсетілетінін, жастардың сапалы білім алып, жан-жақты дамуы үшін барынша жағдай жасалатынын жеткізді.

– Әлем тез өзгеріп жатқаны соншалық, таяу келешекте не боларын ешкім тап басып айта алмайды. Бірақ білімге құштарлық, өз күшіңе сену, табанды еңбек кез келген уақытта табысқа жетелейтінін ұмытпауымыз керек. Келешек туралы бір нәрсені сеніммен айтуға болады – түбі адам капиталын дамытуға және жаңа технологияларды экономика мен қоғамның барлық саласына енгізуге баса мән берген елдер озады. Қазақстанның қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін биыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Сіздер, талантты жастар осы жасампаз үдерістердің алдыңғы шебінде жүресіздер. Қазақстан жастары Сіздерге қарап бой түзейді, үлгі алады. Білім мен ғылым, инновация мен озық технология – бүгінгі дәуірдің басты қаруы. Жаһандық бәсекеде білімді, зияткер елдер ғана алға шығады. Сондықтан мен сіздерді «Қазіргі заманның нағыз батырлары» деп санаймын. Мен қазақ жастарының отаншыл, білімпаз, еңбекқор болғанын қалаймын. Олар елге жанашыр, табиғатқа қамқор, нағыз адал азамат болуын тілеймін. Атап айтқанда, еріктілердің еңбегін жоғары бағалаймын, қолдаймын. Мен жастарға сенемін! – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпақтың талантын шыңдап, білім берген ұстаздар қауымына алғыс айтты.

– Қазір біздің ортамызда саналы ұрпақ тәрбиелеп, оларды үздіктер қатарына қосқан ұлағатты ұстаздар отыр. Сіздердің ерен еңбектеріңіз зор құрметке лайық. Қабилетті балаларды оқытып, оларды халықаралық жарыстарға даярлайтын педагогтерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл – ең ізгі іс. Сіздердің еңбектеріңізді мемлекет міндетті түрде ескереді. Үкімет пен өңір басшыларына осындай тапсырма беріледі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы салтанатты рәсімде халықаралық пән олимпиадаларында алтын, күміс және қола медаль иеленген оқушылар мен студенттерге сәйкесінше 1500, 1000 және 500 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қаржылай сыйақысы бар сертификаттарды табыстады.

Ал шәкірттері беделді халықаралық жарыста топ жарған ұстаздар мен тәлімгерлер жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен білім беру саласындағы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Мейрамгүл



Кенжехановаға, Алматы қаласындағы №134 лицей мұғалімі Ирина Нестеренкоға – «Құрмет» ордені, «Edlight Academy» әдіскері Жанболат Жолғелдиевке, Қарағанды қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Қарлығаш Жолдыбаеваға, «Haileybury Almaty» мектебінің мұғалімі Владимир Жукке, Өскемен қаласы Білім-инновация лицейінің мұғалімі Айгүл Сейітдәулетке – «Ерен еңбегі үшін» медалі, Қызылорда қаласындағы Білім-инновация лицей-интернатының мұғалімі Батыр Жарқынға, Талдықорған қаласындағы №24 лицей мұғалімі Меруерт Абееваға, Павлодар қаласындағы Білім-инновация лицей-интернатының мұғалімі Олжас Әмзеевке, Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінің мұғалімі Бақыт Мамышевке «Шапағат» медалі берілді.

akorda.kz

ҮКІМЕТ 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН DIGITAL QAZAQSTAN ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Ауқымды цифрландырудың және жасанды интеллект технологияларын жаппай ендірудің 2029 жылға дейінгі Digital Qazaqstan жалпыұлттық стратегиясын бекіту туралы» Жарлығын жүзеге асыру шеңберінде Үкімет Іс-қимыл жоспарын бекітті. Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.

Жоспар цифрлық трансформация мен жасанды интеллектті енгізудің үш негізгі бағытын қамтиды, олар – азаматтардың, бизнес пен экономиканың мүддесі үшін, сондай-ақ мемлекеттік аппаратта енгізу.

Жоспардың басымдықтарының бірі – білім берудің барлық деңгейінде ЖИ-ді жаппай енгізу. AI-SANA бағдарламасын кеңінен тарату шеңберінде 2029 жылға қарай мектептер, колледждер мен ЖОО түлектерінің кемінде 80%-ы ЖИ-дің базалық дағдыларын меңгеруі тиіс. Сонымен бір мезгілде студенттерді тереңдетіп оқыту және педагогтердің біліктілігін арттыру шаралары да кеңейтіледі.

2028 жылға қарай жоғары оқу орындары мен колледждердің кемінде 80%-ы білім беру процестеріне жасанды интеллект технологияларын енгізеді және экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес бағдарламаларды жаңартады.

Денсаулық сақтау саласын цифрландыру деректерді басқарудың бірыңғай жүйесіне көшуге және бетпе-бет жүгінудің қажет ететіндерін сервистерді кеңінен пайдалануға бағытталатын болады. 2029 жылға қарай медициналық self-service сервистерін пайдаланатын азаматтар санын едәуір ұлғайту, нақты уақыт режимінде деректер алмасу арқылы бірыңғай цифрлық контурға көбірек медициналық ұйымдарды біріктіру және клиникалық шешімдер қабылдау кезінде жасанды интеллектті қолдану аясын кеңейту жоспарлануда.

Жоспардың жеке бағыты қалалық ортаның қауіпсіздігі мен жайлылығын арттырумен байланысты. Өңірлерде интеллектуралды мониторинг және талдау жүйелерін қоса алғанда, AI Native cities@ons шешімдерін енгізу жалғасады. Оларды қолдану оқиғаларға тезірек жауап беруге, қауіпсіздік қызметтері жұмысының тиімділігін арттыруға және басқару мен мониторингтің ЖИ-платформалары есебінен ірі қалалардағы көлік жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметтер және әлеуметтік қолдау саласында азаматтардың артық жүрісінің уақыты мен санын қысқартуға баса назар аударылды. Жоспар жасанды интеллектті, белсенді қызметтерді, автоматты түрде қол қоюды және процестерді автоматтандыруды анағұрлым кеңінен қолдану мүмкіндіктерін қарастырады. 2029 жылға қарай мемлекеттік қызметтер мен әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну уақыты кем дегенде 50%-ға қысқаруы тиіс. Бизнес пен экономиканың мүддесі үшін цифрлық трансформация энергетика, жөнеркәсіп, құрылыс, көлік, логистика және агроөнеркәсіптік кешен сияқты негізгі салаларды қамтиды. Жылу-энергетика кешенінде 2029 жылға қарай активтердің кемінде 70%-ы цифрлық мониторингке қосылады. Бұл олардың жай-күйін нақты уақыт режимінде бақылауға және сенімділікке төнетін тәуекелдерді алдын ала анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар энергия ресурстарының қозғалысын бастан-аяқ цифрлық қадағалау жүйесі кеңейтіледі. Құрылыста цифрлық тәсіл нысандардың жобалау кезеңінен бастап пайдалануға берілгену дейінгі бүкіл өмірлік циклін қамтиды. 2029 жылға қарай техникалық күрделі жаңа нысандардың 100%-ын бірыңғай цифрлық контурда сүйемелдеу жоспарлануда.

Көлік және логистика саласында цифрландыру жүктердің бүкіл қозғалыс бағытын — өткізу пункттерінен өтуінен бастап негізгі көлік дәліздері мен мультимодальды тораптар арқылы тасымалдануына дейін қамтиды. Негізгі міндеттердің бірі – жүк автокөлігінің басымы өткізу пункттері арқылы өту уақытын қысқарту болады. Ол үшін тасымалдау туралы деректерді алдын ала алуға және өңдеуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ қолмен орындалатын операциялардың санын азайтатын цифрлық құралдарды қолдану аясын кеңейту жоспарлануда.

Smart Cargo-ны дамыту аясында басым жүк тасымалдары цифрлық паcпортпен және бүкіл маршрут бойынша трекинг жүйесімен сүйемелденеді. Бұл жүктің бүкіл бағыт бойынша қозғалысын бақылауға және логистикалық процестердің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар негізгі көлік дәліздері, өткізу пункттері мен мультимодальды тораптар интеллектуалды көлік аналитикасымен қамтылады. Бұл инфрақұрылымның жүктемесін жедел бағалауға, көлік ағындарын басқаруға және «тар жолдар» туындаған жағдайда шешімдерді жылдам қабылдауға мүмкіндік береді.

АӨК-те цифрлық шешімдер ауыл шаруашылығы өндірушілерінің тиімділігін арттыруға және заманауи басқару құралдарына қолжетімділікті жеңілдетуге бағытталады. Шағын және орта бизнес үшін әкімшілік жүктемені азайтуға және цифрлық шешімдерді нысаналы түрде енгізуге басымдық беріледі. Кәсіпорындар цифрлық жетілу деңгейін бағалаудан өтіп, цифрландыру бойынша жеке жол карталарын ала алады. Цифрлық комплаенс пен тәуекелге бағдарланған қадағалауды қолдану тәуекел деңгейі төмен ШОБ субъектілерін физикалық тексеру санын азайтуға мүмкіндік береді. Салық саласында салықтық әкімшілендірудің интеллектуралды моделіне көшу көзделуде. Бұл ретте процестердің едәуір бөлігі салық төлеушінің қосымша қатысуынсыз автоматты түрде жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл «көзге көрінбейтін» салықтық әкімшілендіруді қалыптастыруға және көлеңкелі экономиканың үлесін азайтуға бағытталған.

Жоспардың жеке бір бөлігі қаржы секторын, екінші деңгейдегі банктер мен квазимемлекеттік компаниялардағы цифрлық трансформацияларға арналған. 2028 жылға қарай екінші деңгейдегі қаржыгердің кемінде 80%-ын ақпаратпен қауіпсіз алмасудың цифрлық жүйесіне қосу жоспарланып отыр. Жеке тұлғаларға өнімдер ұсынатын және Бірыңғай цифрлық платформаға қосылған қаржы ұйымдарының нарығы үшін де осындай көрсеткіш көзделген.

Квазимемлекеттік секторда цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу де нақты өлшенетін экономикалық нәтиже беруі тиіс. «Самұрық-Қазына» ҰҰҚАҚ-ның портфельдік компанияларында цифрлық және AI-бастамалардың EBITDA өсіміне қосатын үлесін жылына 5%-ға дейін жеткізу жоспарлануда. Ал «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ-да 2029 жылға қарай инвестициялық жобалардың 100%-ын AI-мониторингпен қамту жоспарланып отыр.

Жоспар бағыттарының бірі – отандық IT-индустрияның бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға және оның сыртқы нарықтардағы қатысуын кеңейтуге байланысты. 2029 жылға қарай IT-қызметтер мен цифрлық шешімдер экспорттың көлемін кемінде 50%-ға ұлғайту жоспарланып отыр. Жаңа технологиялық экономиканы қалыптастыру үшін робототехника саласындағы өңірлік құзыреттер орталықтарын дамыту және коммерциялық жобаларды жүзеге асыратын отандық интеграторларды қолдау көзделген. Цифрлық инфрақұрылымды дамытуда «ДҰО алқабына» маңызды роль беріледі. Жоба Қазақстанға жаһандық технологиялық және бұлтты технологиялар саласындағы серіктестерді тартуға, заманауи есептеу қуаттарын орналастыруға және жасанды интеллектті ауқымды енгізу үшін база құруға бағытталған. Бұл ел ішінде деректерді өңдеу мен сақтаудың мүмкіндіктерін кеңейтіп, жаңа AI-сервистерді іске қосуға және отандық цифрлық индустрияны дамытуға жол ашады. Цифрлық мемлекетті дамыту киберқауіпсіздік талаптарын күшейтумен қатар жүреді. Жоспарда мемлекеттік ақпараттық жүйелердің қорғалу деңгейін арттыру, кибермендікті дамыту және халықты цифрлық сервистерді қауіпсіз пайдалану жөнінде хабардар етуді арттыру көзделген. «Цифрлық үкімет» нысандары азаматтарға өздерінің дербес ақпаратын пайдалануды неғұрлым ашық бақылауға мүмкіндік беретін «Дербес деректерге қолжетімділікті бақылау» сервисіне қосылады.

primeminister.kz

Қадірлі ұстаздар!
Құрметті қауым!

Ең алдымен, баршаңызды дәстүрлі Тамыз конференциясының ашылуымен құттықтаймын! Бүгінгі жиынға Қазақстанның барлық аймағынан ұлағатты ұстаздар арнайы келіп отыр.

Мықты мұғалім – сапалы ұлттың тірегі, бұл – нағыз ақиқат.

Бүгін өте ұтымды, мазмұнды ба-
яндамаларды тыңдадық, тиімді
пікірлер мен ұсыныстар айтыл-
ды. Сөз сөйлеген ұстаздарға,
бүкіл мұғалімдер қауымына
ризашылығымды, ілтипатымды
білдіремін. Тиісті министрлік,
жалпы Үкімет айтылған
мәселелерді үнемі назарда
ұстауы керек. Бұл жұмысты аса
маңызды стратегиялық міндет
деп түсіну қажет.

Ұстазды ұлықтаған елдің
келешегі жарқын болары ай-
дан анық. Ұлы Абай 38-ші қара
сөзінде адамның адамдығы жақсы
ұстаздан болатынын айтқан.
Сіздер жас буынға терең білім
беріп, саналы, озық ойлы және
отаншыл ұрпақ тәрбиелеуге
зор еңбек сіңіріп жүрсіздер. Осы-
лайша, бәсекеге қабілетті ұлт
қалыптастыруға атсалысып
келесіздер.

Биылғы Тамыз конференциясы
еліміздегі ауқымды өзгерістер
кезеңіне тұспа-тұс келді. Бәріміз
бір ел болып, түбегейлі ре-
формаларды ойдағыдай жүзеге
асырдық. Наурыз айында өткен
жалпыұлттық референдум
нәтижесінде жаңа Халық Кон-
ституциясы қабылданды. Тұтас
қоғам қолдаған Ата заң бірінші
шілде күні күшіне енді. Бұл – еліміз
үшін маңызы ерекше тарихи
оқиға.

Бас құжатта тұңғыш рет білім
саласына айрықша мән берілді,
яғни адам капиталын, білімді,
ғылымды, инновацияны дамыту
еліміздің стратегиялық бағыты
ретінде айқындалды. Қазір бүкіл
билік жүйесін және қоғамдық
институттарды ауқымды
жаңғырту жұмысы жүріп жатыр.

Осыдан бірнеше күн бұрын
алғашқы Құрылтай сайлауы
өтті. Ал кеше оның нәтижелері
шықты. Бұл өте маңызды сая-
си науқан, саяси іс-шара деп те
айтуға болады, шын мәнінде,
бұрын-соңды болмаған жоғары
деңгейде ұйымдастырылды. Осы
істе Орталық сайлау комисси-
ясы үлкен рөл атқарды. Сайлау
үдерісін дұрыс шешімдер, соның
ішінде жасанды интеллект тех-
нологиясы енгізілуде. Мұндай
әдіс-тәсілдер науқанның сапасын
арттыра түсті.

Сондай-ақ сайлауға шетелдік
байқаушылар тарапынан да
қызығушылық жоғары болды.
Халықаралық қауымдастық сай-
лау нәтижесін мойындады, оның
ұлттық заңнамаға және барлық
талаптарға сай өткенін атап
өтті.

Мен бүгін Конституцияның
46-бабына сәйкес бірінші
шақырылымдағы Құрылтайдың
бірінші сессиясын шақыру туралы
Жарлыққа қол қойдым. Алқалы
жиын 28 тамыз күні болады. Оған
дейін Құрылтайға өткен парти-
ялар депутаттардың тізімін
әзірлеуге тиіс.

Жалпы, Құрылтай сайлауы
еліміздің қоғамдық-саяси өміріне
үлкен өзгеріс әкелді. Партиялар
ұсынған тізімге тәжірибесі мол
түрлі мамандық иелерімен қатар,
саясатқа жаңадан келген азамат-
тар да енді. Олардың қатарында
қабілетті жастар, соның ішінде
Президенттің кадрлық резервінің
мүшелері бар. Жаңа буын
өкілдері саяси науқанды жандан-
дыра тускені сөзсіз. Халыққа
адал қызмет еткісі келетін,
жауапкершіліктен тайсалмай-
ты, жаңашыл адамдардың
бәріне бірдей мүмкіндік берілді.
Түптеп келгенде, бұл – қалыпты,
яғни эволюциялық үдеріс.

Осы орайда саяси
партиялардың белсенділігін,
олардың идеологиялық
ұстанымдарын, кәсіби деңгейін
ерекше атап өткім келеді. Сая-
си дода кезінде ел болашағына
тікелей ықпал ететін ұтымды

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



ұсыныстар айтылды. Сайлау-
шылар да бұл жұмыстан тыс
қалған жоқ, олар әр мәселе бой-
ынша өз пікірлерін ашық білдіріп
отырды. Бұл үгіт-насихат
кезінде болған ұлттық теледе-
баттардан, ақпарат алаңындағы
ашық пікірталастардан анық
байқалды.

Осылайша, қоғамда өзара
құрмет пен жауапкершілік және
пікір алуандығы құндылықтары
орнығып жатыр, жаңа саяси
мәдениет қалыптасуда.

Қадірлі ұстаздар!

Ұлтымыздың келешегін
айқындайтын тарихи өзгерістер
табысты болуы үшін, ең алды-
мен, қоғамдық сана жаңғыруға
тиіс. Бұл істе мәртебелі
мамандық иесі – мұғалімнің рөлі
айрықша маңызды. Әлемді ең
дамыған технология өзгертуі
мүмкін. Ал адамды, оның
дүниетанымын өзгерту – нағыз
ұстаздың ғана қолынан келетін
іс. Сондықтан мемлекет білім
жүйесін дамытуға әрдайым баса
назар аударады.

Соңғы жеті жылда бұл салаға
бөлінетін қаржы үш есе артып,
6,4 триллион теңгеге жетті.
Кейінгі бес жылдың ішінде 1
миллионнан астам оқушыға
арналған 1120 мектеп салынды.
5 мыңнан астам ауыл мектебінің
материалдық-техникалық қоры
жаңартылды. Білім ошақтарында
7 мыңнан астам заманауи үлгідегі
пән кабинеттері жасақталды.

Өздеріңізге мәлім, осыдан
екі жыл бұрын менің тікелей
тапсырмаммен «Келешек
мектептері» жобасы бастау
алды. Осы жоба аясында 460 мың
оқушыға арналған 217 мектеп са-
лынды. Заманауи мектептердің
жаңа стандарты пайда болды
десек, артық болмайды. Алай-
да, біз әрбір өңірде, соның ішінде
мектептерге сұраныс бар аудан-
дарда сапалы оқу орындарының
құрылысын міндетті түрде
жалғастырамыз. Бұл – алдымыз-
да тұрған мемлекеттік маңызға
ие аса өзекті міндет. Уақытты
созбай жұмысқа кірісуіміз керек,
келесі жылы құрылыс барысы
қарқынды болуы қажет.

Ұстаздың беделін нығайтып,
оларды жан-жақты қолдау үшін
белсенді жұмыс атқарылып жа-
тыр. «Педагог мәртебесі ту-
ралы» арнайы заң қабылданды.
Биыл бұл заңға толықтыру
енгізіліп, ұстаздарға қосымша
құқықтық және әлеуметтік
кепілдіктер берілді. 5 қазан күні
ұстаздардың кәсіби мерекесі
ретінде нақты бекітілді.

Мемлекеттік марапаттар
тізіміне «Қазақстанның еңбек
сіңірген ұстазы» атағы енгізілді.
Бұл мәртебелі наградамен
марапатталған тұлғаларға
қомақты сыйақы беріліп жа-
тыр. Қазірдің өзінде 100-ге жуық
мұғалім марапатталды. Басқа
да лайықты ұстаздар мемле-
кет назарынан тыс қалмай,
осы құрметті атаққа ие бо-
лары күмәнсіз. Соңғы үш жыл-
да еліміздегі 3 мұғалімге ең
жоғары мемлекеттік награда –
«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы

берілді. Бұл ұстаздар қауымына
деген айрықша құрметтің белгісі
екені сөзсіз.

TALIS-2024 (The OECD Teaching
and Learning International Survey)
зерттеуінің нәтижесіне сәйкес,
Қазақстан мұғалімдердің беделін
нығайту көрсеткіші жөнінен
екінші орында тұр. Сондай-
ақ ұстаздардың еңбекақыға
қанағаттану өлшемі бойын-
ша еліміз әлемдегі алғашқы бес
мемлекеттің қатарына кіреді.
Атап айтқанда, ұстаздардың 95
пайызы өз жұмысына көңілі тола-
тынын айтқан. Ал 80 пайызы осы
мамандықты қайта таңдауға
дайын екенін жеткізген.

Баршаңызға зор алғыс!
Ұстазды қадірлей білу –
өркеніетті қоғамға тән қасиет.
Біз ұлт сапасын арттырамыз де-
сек, бірінші кезекте мұғалімдерге
барынша қолдау көрсетуіміз ке-
рек. Бұл – мен үшін мызғымас
ұстаным.

Жалпы, еліміздегі білім сала-
сын дамыту үшін көп жұмыс
атқарылды. Нақты нәтижелер де
бар. Былтыр оқушыларымыз 30-
дан астам беделді халықаралық
олимпиада мен ғылыми жобаға
қатысып, мыңнан астам медаль
жеңіп алды.

Ауыл мектебінен шыққан
республикалық олимпиада
жүлдегерінің саны 10 есе ұлғайды.
Осылайша, қала мен ауыл
мектепіндегі білім сапасының
алшақтығы айтарлықтай
азайып келеді. Алайда арқаны
кеңге салуға әлі ерте, алдымыз-
да көп жұмыс бар, оны тиімді
атқаруымыз қажет.

Білім беру саласында әлі күнге
дейін шешімін таппай отырған
біраз түйткіл бар. Сондықтан
бірқатар өзекті мәселеге арнайы
тоқталғанды жөн деп санаймын.

БІРІНШІ. Оқу-ағарту
саласындағы кадр тапшылығын
жойып, ұстаздардың біліктілігін
көтеру қажет.

Бұл бағытта жүйелі шара-
лар қолға алынуда, нақты
жұмыс жүргізіліп жатыр.
Соның арқасында білім са-
ласын таңдаған жастардың
қатары көбеюде. Бұл – жақсы
үрдіс. Биылдың өзінде мектеп
бітірген 12 мыңнан астам түлек
педагогикалық мамандық бой-
ынша мемлекеттік грант иегері
атанды. Олардың 2 мыңнан аста-
мы – мектепті «Алтын белгімен»
бітіргендер. Дегенмен кадр
мәселесін түпкілікті шешу үшін
әлі де біраз шаруа атқарылуға
тиіс.

Елімізге тағы да 5 мыңнан
астам мұғалім керек. Себебі
халық саны тұрақты түрде ар-
тып келеді. Соңғы жылдары са-
лынып жатқан мектептердің
саны да өдеуір көп. Осы жағдай
педагог мамандарға деген
сұранысты арттырып отыр.
Бұл мәселе бойынша министрлік
тың тәсілдер ұсынуға тиіс.

Сонымен қатар мұғалімдердің
біліктілігін көтеру мәселесіне
ерекше назар аударған жөн.
Алайда осы саладағы кезекті
ауқымды реформаны жасай-
мыз деп, бүкіл оқу жүйесін қысқа

мерзімде түбегейлі өзгертуге
болмайды. Әйтпесе, бұрыннан
қалған теріс нәтижелер осы аса
маңызды саланың тас-талқанын
шығарғаны есімізде бар. Осын-
дай сынақтар оқу саласына үлкен
зиян әкелді. Тек реформа үшін жай
ғана аты бар, заты жоқ реформа-
лар жүргізуді доғару қажет. Басқа
сөзбен айтқанда, реформалар-
ды, өзгерістерді, әрине, жүргізу
керек, бірақ ондай өзгерістер
мұғалімдерді әбден шаршатып,
оларды күйзеліске ұшыратпауы
керек.

Әрбір реформаны, әсіресе,
білім саласындағы реформа-
ны жүзеге асыру алдында оны
жан-жақты саралау қажет, оның
тиімділігіне әбден көз жеткізу
керек. Реформа, бұл – бастапқы
сынақ, эксперимент емес, бұл –
жауапты шешім мен іс-шара.
Үкімет педагогикалық жоғары
оқу орындарының қызметін
қайта қарау кезінде бұл мәселені
міндетті түрде ескеруге тиіс.

Ұстаздарды мектеп пен
балабақшадағы жұмыстың
кәсіби ерекшеліктеріне барынша
бейімдейтін бірыңғай жүйе құру
қажет деген ұсыныс бар екен.
Оны жан-жақты қарап, қажет
болса, іске асыру керек. Бұл
іске әдістемелік орталықтар,
мектепке дейінгі, орта және
қосымша білім беру мекемелері
белсене атсалысуға тиіс. Осы
салаға жауапты министрліктер
педагогтердің жаңа буынын да-
ярлау үшін күш жұмылдыруы ке-
рек. Бір жеңнен қол, бір жағадан
бас шығарып, жұмыла әрекет
ету қажет.

Өздеріңізге мәлім, мұғалімдерге
кәсіби қолдау көрсету үшін
«Өрлеу» біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы құрылды.
Бірақ бүгінде бұл ұйымның
жұмысы мардымсыз деуге бола-
ды. Мәселен, маған ұстаздардан
аттестация ережесін қайта
қарау туралы көптеген өтініш
келіп түсті. Мұғалімдер
артық жүктеменің және
қағазбастылықтың көп екенін ай-
тып, шағымданып отыр.

Осыған орай, мен педагогтерді
аттестациядан өткізу талап-
тарын оңтайландыру, жетілдіру
жөнінде нақты тапсырма бердім.
Бұл жерде бағалаудан мүлде бас
тарту немесе оны күрделендіру
туралы сөз болып отырған жоқ.

Білімді әділ бағалау – білім
беру жүйесінің өзегі. Бізге
мейлінше түсінікті әрі ашық
жүйе керек. Бұл – өте маңызды
мәселе, оны қарастырған кезде
жоғары жауапкершілік пен мінсіз
кәсібилік таныту қажет. Тиісті
министрлік бұл мәселемен ай-
налысып, көп ұзамай нақты
ұсыныстар беруге тиіс.

Біліктілікті көтеру
бағдарламаларына жаңа Кон-
ституция құндылықтарын,
сондай-ақ, «Заң мен тәртіп»,
«Адал азамат», «Таза Қазақстан»
идеяларын енгізген жөн, бұл
қызметтік міндет деп айтуға бо-
лады.

ЕКІНШІ мәселе. Аймақтар
арасындағы білім сапасына
қатысты алшақтықты жою
қажет.

Осы тұста Ұлттық
бірыңғай тәстілеудің биылғы
нәтижелеріне тоқталғым келеді.
Мәселен, Қызылорда, Солтүстік
Қазақстан, Павлодар, Қостанай
облыстарының, сондай-ақ, Аста-
на және Алматы қалаларының
түлектері жоғары көрсеткішке
қол жеткізді. Ал Түркістан,
Ұлытау, Атырау, Ақтөбе және
Алматы облыстарындағы
жағдай жақсы деп айту қиын.

Әсіресе, тиісті министрлік пен
әкімдік Түркістан облысындағы
ахуалға назар аударуы керек. PISA
ұйымының зерттеуі де Түркістан
облысындағы білім сапасының
мәз емес екенін көрсетті. Бұл –
аймақтың оқу-ағарту жүйесінде
олқылықтар әлі бар деген сөз.
Бірақ облыстағы жағдайды

дағдарыс деп те айтуға болмай-
ды.

Мәселе мынада: облыста білім
алып жатқан оқушылардың 75
пайызға жуығы ауылда тұрады.
Олардың жан-жақты және
қарқынды дамуы үшін қолайлы
жағдай жасалуға тиіс. Қажетті
инфрақұрылым салып, шалғай
елді мекендерге мықты ма-
мандарды тартқан жөн. Бұл –
Үкіметтің және әкімдіктердің
алдында тұрған жедел міндет,
жұмысты жоспарлы түрде
тездетіп атқарып, нақты
нәтижелерге қол жеткізу қажет.
Жалпы, төмен нәтиже көрсеткен
барлық аймақтың әкімдері бұл
бағыттағы жұмысты күшейтуі
керек. Үкіметке осы жұмысты
тиімді үйлестіруді тапсырамын.

Бұдан бөлек, Президент
Әкімшілігіне Үкіметпен бірлесіп,
төмен нәтиже көрсеткен
облыстарға нақты көмек
көрсетуді, мысалы, арнайы тал-
дау жүргізуді тапсырамын. Ал
Үкімет білім жүйесінің тиімділігін
арттыра түсетін жан-жақты
зерттелген шешімдер ұсынуға
тиіс. Бұл мәселеде жетістікке
ие болған мектептер мен
даму институттарының
мүмкіндіктерін кеңінен
пайдаланған жөн.

Құзырлы министрлік орта
білімнің мазмұнын заман талабы-
на сай жаңғыртуы қажет. Мысалы,
тарихи аңыздар мен шыныққа
сай келмейтін оқиғалардың ор-
нына ескелен ұрпаққа ілгерілеуге,
прогреске бағытталған пәндерді
оқыту қажет. Ал тиісті
бағдарламаларды даярлау, бұл –
министрліктің жедел мақсаты.

«Келешек мектептері»
инновациялық шешімдерді енгізу
және ұлттық білім беру үлгісін
қалыптастыру ісінде маңызды
рөл атқаруы керек. Осы орайда
Ыбырай Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясына зор
жауапкершілік жүктеледі.

Алдағы үш жыл ішінде «Келе-
шек мектептері» білім берудің
озық тәжірибелерін сынақтан
өткізетін орталыққа айналуға
тиіс.

Білім жолы – сынағы мен
қиындығы көп жол. Осы жол-
да табысқа жетіп, бейнеттің
зейнетін көру үшін, ең алды-
мен, табанды еңбек ету қажет.
Түптеп келгенде, бәріміздің
мақсатымыз – бір, мүддеміз –
ортақ екенін естен шығармаған
абзал.

Бұл орайда бір мәселеге арнайы
тоқталып өткім келеді. Көбіңізге
белгілі, әлеуметтік желіде
білім саласына қатысты қызу
пікірталастар болып тұрады.
Кейде мұндай дау-дамайларға
білім жүйесінің бұрынғы және
қазіргі лауазымды тұлғалары
араласып жататыны көзге
түсетін болды.

Өкінішке қарай, осындай тар-
тыстар білім саласына пай-
дасын тигізеді деп айту қиын.
Өркеніетті пікірталастардың
орнына айқай-шу мен даңғазаны
тыңдап отыруға мәжбүрміз.
Тіпті ұстаздар қауымы да ондай
пікірталастардың түпкі мәнін
түсіне алмай дал болуда.

Әрине, балалардың болашағы
үшін алаңдап, ұтымды
ұсыныстар білдіру – бір бөлек
өңіме. Ал жанашыр болып емес,
жақсы атты болу үшін пікір
білдіру – тіптен басқа мәселе.
Өнбейтін дауды қуып, өрісімізді
кеңейте алмайтынымыз анық.

Қазір бос, бұрыс сөздің уақыты
емес, нақты, дұрыс істің дәуірі.
Осыны ескерген жөн.

ҮШІНШІ. Жасанды интеллектіні
орта білім беру жүйесіне енгізу.
Жаңа цифрлық дәуірге қадам
басқан тұста адами капитал
дамудың аса маңызды факто-
рына айналып отыр. Дәл осы
бағытта Қазақстанның әлеуеті
зор.

Балаларымыз – талант-
ты. Әлемде жоғары бәсекеге
қабілетті екенін көрсетіп
жүр. Бірер күн бұрын Ақордаға
лайықты марапаттарын алу
үшін халықаралық зияткерлік
олимпиада жеңімпаздары арнайы

Басы 2-бетте

келді. Осы оқу жылында дарынды балаларды қосымша ынталандыру шараларын қабылдауды тапсырдым. Олимпиададағы табыстарына ғана емес, ғылыми жобалар байқауындағы жеңістері үшін де ақшалай сыйақы беріледі.

Озық технологиялар мен жастардың зияткерлік әлеуеті үйлесім тауып, қазірдің өзінде елеулі экономикалық нәтиже беріп отыр. Жаңа стартаптар ашылып, алғашқы «сыңармүйіз стартаптар» пайда болды. Осы тәжірибені кеңейту үшін білім беруі басты орынға қоятын инновациялық экожүйе құру қажет. Сол себепті Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында саланы басқарудың платформалық үлгісіне көшу басталды. Білім беру базасын жаңғырту қолға алынды. Яғни бүкіл мемлекеттік сервис пен қызмет біріктіріледі. Мұғалімдер уақыт алатын шаруадан арылады. Әсіресе, соңғысы өте маңызды. Педагогтерді ығыр қылатын қағазбастылықтан, бітпейтін есептен, аттестациядан өту талабынан және басқа да пайдасыз тексерістерден босату керек.

Мұғалімдерді жөндеу жұмыстарына, оқу процесіне тікелей қатысы жоқ түрлі қоғамдық іс-шараларға тартқы туралы жаңалықтар ара-тұра шығып жатады. Бұл жөнінде әлдеқашан келіскенбіз. Бұған жол беруге болмайды.

Оқу-ағарту министрлігі мен әкімдіктер басқармалары, ең алдымен, құқықтық-нормативтік актілер мен саланы реттеу базасын жетілдірумен, оқу үдерісін тиімді ұйымдастырумен және білім беру бағдарламаларын мұқият саралаумен айналысуы қажет.

Жақында Үкімет жұртшылыққа нәтижелі жұмыстың қорытындысын жариялады. Мектеп оқулықтарынан 700-ден астам өрескел қате табылған. Мұның бәрі орта білімнің сапасына нұқсан келтіреді десек, артық айтқандық емес.

Әлгінде ғана тексерілмеген тарихи деректер мен оқиғалар сипатталатын, балаларға жалған «қаһармандар» мен олардың «ерлігі» жөнінде әңгімелейтін аңыздар енген оқу материалдарын қайта қарау қажет екенін айттым. Жалған, ойдан құрастырылған мәліметтер тарату арқылы балаларды отаншылдыққа тәрбиелеу жақсылыққа апармайды. Бұл халқымыздың ар-ұжданына қайшы.

Ұдайы жапа шеккен ұлт кейпінен арылуымыз керек. Бұл жөнінде үнемі айтып келемін. Біздің кейбір қаламгерлеріміз «мұң» деген сөзді жақсы көреді: «жүрегімде мұң, көзімде мұң!» Мұң-қайғы жастық шаққа, жастарға жараспайды. Жастарымыз өз халқының тарихын дұрыс түсіне отырып, болашаққа үмітпен және сеніммен қарауға тиіс. Еліміздің жастары оптимист болып, еңсере алмайтын қиындық жоқ екенін білуі қажет. Біз өз күш-қуатымызға сенетін, мықты ұлтқа айналуымыз керек. Мұң, қайғы, күйзеліс – жастарымызға жат нәрсе болуға тиіс.

Биыл мамыр айында Орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Алайда жаңа оқу жылының қарсаңында тапсырма тиісті деңгейде орындалмады. Бұл – үлкен кемшілік. Себебі неде? Қалай болғанда да технология қарыштап дамыған заманда мұндайға жол беруге болмайды. Балалар мен педагогтердің жасанды интеллектіні жүзегі әрі дұрыс қолдану тәртібін белгілейтін пәрменді шараларды шұғыл қабылдау қажет. Жастар, әсіресе, ауыл жастары цифрлық құрылғыларды, мәселен, смартфонды тұрақты табыс табуға пайдалана білуі керек. Сіздерді құлаққағыс етейін, Жолдауда осы жөнінде нақты міндет қоямын. Бізге цифрлық мемлекеттен

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

цифрлық халық экономикасы деген түсінікке көшу қажет. Басқаша айтқанда, жасанды интеллект пен оның мүмкіндіктері ермек емес, кіріс көзі болуға тиіс. Жоғары білім саласында жасанды интеллектіні пайдаланудың этикалық, құқықтық және ұйымдастыру ерекшеліктерін ескеретін ортақ стандарт бар. Үкімет дәл осындай стандартты орта және кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне де енгізуі қажет.

Жаңа формация мамандарын даярлауды орта білімнен бөліп қарауға болмайды. Төменнен жоғары қарай біртұтас жүйе болғаны жөн. Осы орайда, 18 жасқа толған жасөспірімдердің мектеп партасында отырғаны қаншалықты дұрыс деген орынды сауал туады. Әдетте Назарбаев зияткерлік мектептерінде және жекеменшік білім ошақтарында солай қалыптасқан. Қазіргі балалар физиологиялық тұрғыдан тез жетілетінін ескерсек, бұл қаншалықты ақылға қонымды? Министрлік осы мәселені қарастырып, қажет болса тиісті шешім жолдарын ұсынады деп ойлаймын. Конституциямызда жалпыға бірдей білім беру стандарты белгіленген. Мұны міндетті түрде ескеру керек.

Қыркүйекте Жасанды интеллект университеті ашылады. Бірақ бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Үкімет Қытайдың жаңа технологияларды меңгерудегі жетістігі мен тәжірибесін ескере отырып, Астанада Қазақстан-Қытай жасанды интеллект мектебін ашу мәселесін пысықтағаны жөн.

ТӨРТІНШІ мәселе. Балаларды қорғау және олардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау – аса маңызды міндет. Бұл – мемлекет саясатындағы негізгі басымдықтың бірі. ЮНИСЕФ Қазақстанның осы салада Орталық Азия елдеріне ғана емес, Еуропадағы бірқатар мемлекетке үлгі бола алатынын мәлімдеп отыр. Бұл халықаралық ұйымға ризашылығымды білдіремін.

Шын мәнінде, біз бұл бағытта көп жұмыс атқардық. 2024 жылдан бері «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында 7 миллионға жуық баланың есепшотына қаражат аударылды. 2024 жылы – 695,5 миллион доллар, 2025 жылы – 888,8 миллион доллар, 2026 жылы – 901,7 миллион доллар болды. Бұл жұмыс еліміздің үлкен жетістігі екені сөзсіз. Көптеген мемлекет балаларға арналған осындай ауқымды қолдау саясатын жүргізе алмай отыр.

Жыл басынан бері «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы жүзеге асырыла бастады. Бұл құжатта өскелең ұрпақты қолдауға арналған шаралардың бәрі көрініс тапты. Барлық аймақта балалардың құқықтарын қорғау басқармалары, сондай-ақ, психологиялық қолдау орталықтары құрылды.

Бұған қоса, инклюзивті білім беру жүйесі қарқынды дамып келеді. Бірақ шешімін таппаған түйткілдер де бар. Мәселен, ақпараттың шамадан тыс көбейіп кетуі қоғамға, соның ішінде жас ұрпаққа кері әсерін тигізе бастады. Мұндай ахуал азаматтардың жұмыс қабілетін төмендетеді. Бұл, әсіресе, болмыс-бітімі енді қалыптасып келе жатқан балалар үшін өте қауіпті.

Әлеуметтік желілер, цифрлық платформалар, жасанды интеллект пен агрессивті маркетинг балалар дүниетанымына отбасы мен мектептен кем әсер етпейді. Өскелең ұрпақтың психологиялық саулығы мен эмоциялық тұрақтылығы, адамгершілік тәрбиесі ұлттық қауіпсіздікке және елдің орнықты дамуына ықпал ететін маңызды факторға айналды.

Қазіргі жағдай 2018 жылы қабылдаған «Балаларды



денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Заңды қайта қарауды және елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді. Үкімет 16 жасқа толмаған пайдаланушыларға әлеуметтік желіде тіркелуге тыйым салатын заң жобасын әзірледі (биыл маусым айында Парламент қарауына ұсынылды). Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында депутаттарға осы мәселені қарастыруды ұсынамын. Көптеген озық елдер осы іспеттес шаралар қабылдады. Бізге де балалардың психологиялық жай-күйіне төнген қауіптің салдарымен күресуді доғарып, алдын алатын кез келді деп ойлаймын. Әйтпесе бұл қоғамның тұрақтылығына кері әсерін тигізеді.

Үкімет балаларды қорғау мақсатында мазмұнды (контентті) сүзгіден өткізу шараларын қабылдағаны жөн. Белгілі бір, мейлінше объективті себептерге байланысты жауапкершілікті ата-аналарға ғана артып қоя алмаймыз. Сондықтан балаларға арналған міндетті SIM-карталарды енгізу тәжірибесін жаппай таратуды тапсырамын. Бұл олардың ақпараттық иммунитетін қамтамасыз ете алады.

Тағы бір мәселе. Фаст-фудтың агрессивті жарнамасы қаптап кетті. Тез ішіп-желінетін тағам зиянды әдет қалыптастырады, денсаулық сақтау жүйесіне салмақ түсіреді, еліміздің еңбек күші әлеуетіне теріс әсер етеді.

Дәрігерлердің бақылауында қант диабетіне шадыққан 7 мыңға жуық бала бар. Олардың саны көбеймесе, азайып жатқан жоқ. Көптеген ел құрамында май, қант және тұз мөлшері жоғары өнімдердің жарнамасына тыйым салады немесе шектеу қояды. Бұл өте күрделі мәселе. Түрлі шетін тұстары, пікірталастарға негіз болған медициналық, тіпті саяси астары бар. Дегенмен Үкімет, ең алдымен, балаларымыздың саулығын ойлап, аталған проблеманың ұңғыл-шұңғылын мұқият зерделеуі керек.

БЕСІНШІ. Бала тәрбиесі мәселесіне баса мән беру қажет. Қоғамда заң мен тәртіпке, тазалыққа, мәдениеттілікке негізделген жаңа этика қалыптастыру ісі дәл осы маңызды миссияны жүзеге асырудан басталады. Қазір елімізде 7 миллионға жуық бала бар. Жастармен қоса есептегенде олардың үлесі халық санының жартысына жуықтайды.

Еліміздің келешегі жарқын болсын десек, ең алдымен, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Жастардың бойына отаншылдық, білімпаздық, еңбекқорлық құндылықтарын сіңіруіміз қажет. Әйтпесе, салынған мектептерден, білім саласындағы инновациялық шешімдерден еш нәтиже болмасы анық. Бұл тұрғыдан алғанда, оқу-ағарту саласы айрықша рөл атқаратыны баршаға мәлім.

Мектептер сапалы біліммен қатар тағылымды тәрбиенің ошағы болуы керек. Балалар мектепке зор ынтамен баруы қажет. Олар мектепті білім

алатын, құрдастарымен арасатын және өміріндегі ең тамаша жылдарды – балалық пен жастық шақтың шынайы жағап кезеңдерін өткізетін өз үйінде қабылдауға тиіс. Қалай болғанда да, жағдай дәл солай болуы қажет.

Тағы бір өзекті мәселе. Біз жастардың құқықтық сауатын арттыруға баса мән беруіміз керек. Менің тапсырмам бойынша осы жылдан бастап мектептерде «Құқық негіздері» пәні оқытылатын болды. Бұдан бөлек, оқу бағдарламасына «Конституция негіздері» және «Заң мен тәртіп» курстары енгізіледі. Негізгі мақсат: тек заңды сақтайтын, Конституцияны сыйлайтын жастар ғана жарқын келешекке, мол табысқа қол жеткізеді, мүсінікті тілмен айтсақ, бақытты өмір сүреді.

Ал заңға немқұрайлы қарайтын, заң ережелерін бұзып жүрген жастар қылмыстық жазасын алып, өз өміріне балта шабуда. Өкінішке қарай, бұл өте қарапайым ақиқатты көптеген жас азаматтар білмейді де, түсінбейді де. Біздің міндет – оларға өмірдің осы шындығын түсіндіріп айтуды.

Жалпы, оқулықтардың мазмұны заман талабына, сондай-ақ, жаңа Конституция идеяларына сай болғаны өте маңызды. Осы міндеттің сапалы әрі уақтылы орындалуына Үкімет пен тиісті министрлік тікелей жауапты.

Сондай-ақ өскелең ұрпақты табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу қажет. Мен бұған дейін мектептер мен жоғары оқу орындарына экологиялық ағарту саласының бірыңғай стандарттарын енгізу қажеттігі жөнінде айттым. Үкімет бұл жұмысты жыл соңына дейін аяқтауға тиіс.

Сонымен қатар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының қолданыс аясын кеңейте түсу керек. Қазір бұл бағдарлама, негізінен, орта білім саласында ғана жүзеге асырылып жатыр. Ұрпақ тәрбиесі – ел тағдырына тікелей әсер ететін аса маңызды міндет. Дегенмен осы мәселеге келгенде барлық жауапкершілікті тек мектептерге артып қою дұрыс емес. Біз тұтас қоғам болып, балаларға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруымыз керек. Ең маңызды мақсат: Конституцияның негізгі қағидаттары ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігі болуға тиіс. Жастарымыз Конституцияны жақсы білуі қажет. Сонда ғана қоғамымыз өркеніетті, білімді, ұқыпты, ал еліміз өте дамыған әрі озық болатынына күмән жоқ.

Кітап оқу мәдениетін насихаттауға айрықша назар аударған жөн. Биыл тиісті Жарлыққа қол қойдым. Үкімет осы жұмысқа қоғам белсенділерін, шығармашылық пен ғылыми қауымдастық өкілдерін, журналистер мен кәсіпкерлерді көптеп тартқаны жөн.

Балалардың ғылымға қызығушылығын оятпасақ, адам әлеуетін нығайту мүмкін емес. Бұл істе оқушыларға арналған ғылыми музейлер мен зерттеу орталықтары маңызды рөл атқаратынын әлемдік тәжірибе

көрсетіп отыр. Дәл осындай алаңдар оқушыларға білімін іс жүзінде қолданып көруге, тәжірибе жүргізуге, ғалымдардың еңбегімен танысуға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді. Осы орайда Астанада, Алматыда және бірқатар облыс орталығында балаларға арналған Жаратылыстану музейін ашу орынды деп санаймын.

Екі жыл ішінде Астана, Алматы, Қызылорда қалаларында Президенттік кітапханалар өз жұмысын бастайды. Мұндай кітапханаларды Шымкентте және басқа да облыс орталықтарында салу жоспарда бар. Демеушілер аталған бастамаға қолдау білдіреді деп сенемін.

К о н с т и т у ц и я м ы з д а көрсетілгендей, Қазақстан – зайырлы мемлекет. Сондықтан білім беру мекемелерін көбірек салуға, білім беру жүйесін дамытуға және жетілдіруге ден қойылық. Өскелең ұрпақты өркеніетті әрі жасампаз құндылықтар негізінде тәрбиелеу – ортақ парызымыз. Мемлекет, ұстаздар және ата-аналар күш біріктіргенде ғана балаларымыздың үлесімді дамуына барлық жағдайды жасай аламыз, басқаша айтқанда, жарқын болашағына жол ашамыз.

Ұлы Абай «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» деп бекер айтпаған. Өзіне сенімсіз, жасық, әр нәрсеге мұңа беретін, үнемі күйзелісте жүретін кертартпа адамның болашағы бұлыңғыр.

Тағы да айтып кетейін. Қазақ – кез келген сын-қатерді еңсеруге дайын жұрт, келешегіне сеніммен қарап, алға қарай батыл қадам басатын нағыз жеңімпаз ұлт. Өткенге өкпе артып, тарихтағы сәтсіздіктер үшін басқа халықтар мен мемлекеттерді айыптау – болмысымызға мүлдем жат дүние. Біз өскелең ұрпақты осындай кеселден теріс түсініктен сақтауымыз керек. Бұл тұрғыдан алғанда, оқу-ағарту саласына зор жауапкершілік жүктеледі. Сондықтан ұстаздарымыз ең алдымен, ойы таза, ниеті түзу, жақсылыққа, жарқын болашаққа деген сенімі зор жігерлі азаматтарды тәрбиелеуге тиіс.

Отаншыл, білімпаз, жаңашыл, талапты, еңбекқор адамдар елдің көшін алға бастайды. Риза болатыным: мен осы қасиеттерді өскелең ұрпақтың бойынан анық көремін. Жастарымыз әрдайым жақсылыққа ұмтылады, еліміздің келешегіне зор сеніммен қарайды.

Нағыз отаншылдық дегеніміз, бұл – жемісті, табанды еңбек. Әр саладағы еңбек – маңызды, оның жаманы немесе ұлтқа зия екелетіні болмайды. Еңбек, бұл – ең жоғары деңгейдегі қасиетті дүние. Ал, мемлекеттің міндеті – осындай еңбекқор адамдарға лайықты құрмет көрсету, оларды марапаттау. Алысқа көз тігетін жасампаз ұлттың шынайы болмысы осындай болады.

Қадірлі ұстаздар! Әйеліміз, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның тірегі болатын жауапты әрі адал азаматтарды тәрбиелеу – бәріміздің ортақ міндетіміз. Біз озық ойлы ұлт қалыптастыру жолында бірлесе еңбек етуіміз керек. Халқымызда «Білім – таусылмас қазына» деген сөз бар. Сапалы білім мен нағыз ғылымға ұмтылсақ, біз барлық мақсатымызға қол жеткіземіз.

Білікті мұғалімдеріміз, дарынды жастарымыз, мызғымас бірлігіміз барда еліміз кез келген белесті бағындырады. Бұған еш күмәнші жоқ. Ұстаз – ұлттың шамшырағы. Мұғалімнің еңбегі ең жоғары құрметке лайық. Мен бүгін бір топ ұстазды жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Баршаңызға құтты болсын деймін! Қызметтеріңізге табыс тілеймін. Жаңа оқу жылы жемісті болсын!

ЖЕТІСУДАҒЫ ТҰҒЫШ ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ КІТАПХАНА САРЫӨЗЕКТЕ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ



Жетісу облысында тұңғыш рет жаңа, заманауи, екі қабатты кітапхана ғимараты арнайы салынып, қолданысқа берілді. Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес іске асырылды. Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылында орналасқан кітапхананың ашылуына облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аудан тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтаған облыс басшысы ауылдық елді мекенде заманауи жаңа кітапхананың ашылуы Жетісу өңірінің рухани өміріндегі айтулы жаңалық екенін атап өтті.

- Бұл – кітап оқу мәдениетін дамыту және заманауи кітапхана кеңістіктерін қалыптастыру туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын өңірде іске асырудың алғашқы бастамасы. Жаңа кітапханада кітап оқуға ғана емес, цифрлық ресурстарды пайдалануға, жан-жақты ізденуге, түрлі мәдени және қоғамдық іс-шаралар өткізуге барлық жағдай жасалған.

Кітапханаға салынған инвестиция – ең алдымен адам капиталына, ұлттың интеллектуалдық әлеуетіне жасалған инвестиция. Бұл ретте осы киелі ордадан білімді, саналы, тәрбиелі, кітапсүйер ұрпақтың қалыптасып шығатынына сенімдіміз. Жаңа нысан осындай игі мақсаттарға қызмет етіп, өңірдің рухани шамшырағына айналсын! – деді Б. Исабаев.

Мұнан соң жиналған көпшілік кітапхананың ішін аралап көрді. Соның ішінде мәжіліс залын, оқу залын және балалар бөлімін аралап көрді.

Кітапхана директоры Гүлмира Аханқызының айтуынша, жаңа кітапхананың кітап қоры 53 мыңнан асады. Ғимараттың басты ерекшелігі - мұнда бірнеше оқырман залының болуы, атап айтқанда мектеп жасына дейінгі, мектеп жасындағы балаларға, ересектерге арналған арнайы оқырман залдары қарастырылған. Сонымен қатар медиатекасы бар ақпараттық-анықтамалық зал, көбіейту зертханасы, ауқымды кітап қоймасы орналасқан. Қазіргі таңда кітапхана оқырмандарының саны шамамен 5570 адам.

Жаңа кітапхана ғимаратының аумағы 1620 шаршы метр. Кітапханада оқырмандарға қолайлы жағдай жасалып, заманауи талаптарға сай жабдықталған.

Бірінші қабатта кітапхананың негізгі қызметтік және оқу залдары орналасқан. Мұнда кітап қорын заманауи талаптарға сай сақтауға және оқырмандарға электронды форматта ұсынуға мүмкіндік беретін сканерлеу және цифрландыру кабинеті бар. Сондай-ақ компьютермен және интернетпен жабдықталған мультимедиа залы жұмыс істейді. Е-gov порталы арқылы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы қарастырылған.

- Бірегей залдардың бірі – 30 орындық өлкетану залы. Мұнда өлкенің тарихы мен мәдениеті, Кербұлақ ауданынан шыққан белгілі тұлғалар туралы кең көлемде ақпарат беретін кітап материалдары қойылған. Сондай-ақ бұл залда ауданның тарихи-мәдени мұрасын сақтауда маңызды орны бар сирек кездесетін кітаптар топтамасы сақталған. Мұның бәрі аудан тұрғындары мен қонақтарының игілігі үшін ұсынылып отыр, – деді Г. Аханқызы.

Кітапхананың екінші қабатында кітапхананың балалар бөлімі орналасқан. Мұнда интернетке қосылған, компьютермен жабдықталған ІТ-зал бар. Сондай-ақ 56 орындық оқу залында балалардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылған. Бұл олардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра түседі.

Үйірмелер өткізу үшін «Балауса» оқу кеңістігі және балалардың пайдалы уақытын ұйымдастыруға арналған коворкинг орталығы құрылған. Сонымен қатар екінші қабатта түрлі мәдени іс-шараларды өткізуге жағдай жасалған акт залы орналасқан.

Балалар бөлімінің кітап қорымен танысқан облыс басшысы оны алдағы уақытта жаңа құндылықтарға негізделген жаңа әдебиетпен толықтыру керек екенін айтты. Сол сияқты «Балалардың ІТ залына» интернетті пайдаланып, балаларға әлемнің кез келген еліндегі кітапхананың оқырманы бола алатындай мүмкіндікті үйрететін мамандарды арнайы тартуды тапсырды.

Мектеп оқушылары кітапхананың оқу залында кітап, білім туралы қазақ қаламгерлерінің өлеңдерін оқыды.

Еске салсақ, бұған дейін аудандық кітапхана мен балалар кітапханасы ауылдық әкімдік ғимаратында және Әбікен Сарыбаев атындағы аудандық мәдениет үйінің ішінде отырған болған.

Жалпы, өңірде 150 кітапхана бар. Оларда 128 клуб пен үйірмелер, 29 коворкинг орталығы жұмыс істейді.

Облыс құрылғалы бері кітапханалардағы кітап қорының саны 2,8 миллионнан асты.

Фототілші: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

БАЛ, АПИТЕРАПИЯ, ТУРИЗМ: ЖЕТІСУДА ОМАРТАШЫЛЫҚТЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Жетісу облысында заманауи әрі экспортқа бағытталған омарташылық кешенде табиғи өнімнің 21 түрі өндірілуде, оның өндірістік қуаттылығын сағатына 1,5 мың банкаға дейін арттыру мүмкіндігі бар. Алдағы уақытта кәсіпкерлер таулы табиғи ортаның бірегей үйлесімі мен омарташылық кешеннің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, апитерапия мен сауықтыру туризмін дамытуды жоспарлап отыр, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бүгінде Жетісу облысында 11 мыңнан астам ара ұясы бар. Омарта шаруашылығы әсіресе табиғи жағдайлары қолайлы Көксу, Панфилов, Алакөл аудандарында қарқынды дамып келеді. Енді бұл бағыт Текелі қаласында да белсенді түрде өркендейтін болады.

«Kausar Shifa kz» компаниясының негізін қалаушылардың бірі Сұңғат Райымбектің айтуынша, Текелінің тау беткіріндегі омартада 300-ге жуық ара ұясы орналасқан. Омарта жанында бал жиналғаннан кейін оның қасиеттерін зерттейтін жеке зертхана да бар. Одан кейін шикізат компанияның Талдықорғандағы өндірістік цехына жөнелтіледі. Мұнда жиналған бал өңделіп, табиғи өсімдік сығындыларымен араластырылады. Соның нәтижесінде дәмді әрі пайдалы өнім алынады. Осылайша, кәсіпкерлер өндірістің толық циклін іске қосты.

- Текелі тауларының өсімдік жамылғысы өте бай. Сондықтан біз осы аумақта дәрілік шөптерді, гүлдерді, жеміс-жидектерді жинаймыз. Бал мен жемісті шөп қоспасын болашақ өнімдерімізге шикізат ретінде пайдаланамыз. Бал шыны банкаларға құйылып, құрамындағы ылғалды толық шығару үшін белгілі бір уақыт тұндырылады. Өсімдік қоспасы қажетсіз элементтерден аппарат арқылы тазартылады. Одан кейін барлығы дистилляция аппаратына түсіп, соның нәтижесінде таза гидролат пен эфир майы алынады. Кейін ара балы мен алынған өсімдік компоненттері біріктіріледі, – дейді технологиялық үдерісті таныстырған Сұңғат Райымбек.

Өңдеуден кейін дайын өнім салмағы 200 грамм болатын шыны ыдыстарға құйылады. Осы мақсатта цехта шағын және үлкен көлемге арналған екі желі орнатылған. Қазіргі таңда олардың шағын көлемге арналған желісі жұмыс істеп тұр. Компания басшысының айтуынша, өндіріс қуатын сағатына 1,5 мың банка өнім шығаруға жеткізуге мүмкіндік бар. Былтырдан бері мұнда 600 келі бал өндірілді. Ал қазіргі уақытта компания табиғи өнімнің 21 түрін шығарады.

- Мысалы, банкадағы таңбада «Хош иісті шөп» деп көрсетілсе, балдың бұл түрі табиғи өт айдайтын және зәр айдайтын құрал ретінде, «Зузифора» – инфаркт пен инсульттің кешенді терапиясы мен алдын алуға арналған құрал ретінде, ал «Иссоп» антисептикалық және қабынуға қарсы әсері бар өнім ретінде ұсынылады. Бұл ретте аталған өнімнің дәрі емес, ағзадағы пайдалы заттардың тапшылығын толықтыруға және оның қорғаныс күштерін қолдауға арналған табиғи нығайтушы өнім екенін ескеру қажет. Оны кәдімгі шайға күніне 1-2 рет қана қосып ішу керек, – деп атап өтті С. Райымбек.

Қазіргі таңда кәсіпорында 25 адам жұмыс істейді. Солардың бірі – омарташы Ақан Жұматаев. Араларға күтім жасау оның күнделікті жұмысы ғана емес, сүйікті әрі қызықты іс.

- Текелі тауларының климаты араларға өте қолайлы. Мұнда өсімдіктердің алуан түрі болғандықтан, ара үйірі тез өседі. Өзім ара үйірінің жағдайын үнемі бақылап, оларды түрлі аурулардан қорғаймын. Көктемнен күзге дейін тұрақты әрі дұрыс күтімнің арқасында балды үш рет жинаймыз. Аралардан көңерсе үйренуге болады. Олар өте еңбекқор әрі тындырымды. Мысалы, бір келі бал жинау үшін аралар шамамен 4 миллион гүлге қонып, мыңдаған шақырым ұшады дейді. Бұл – орасан зор еңбек, – дейді омарташы.

Сұңғат Хайроллаұлының айтуынша, компанияның ұзақ мерзімді жоспарында ара ұяларының санын көбейтіп, өндірісті кеңейту көзделген. Сондай-ақ кәсіпорын халықаралық деңгейге шығуды жоспарлап отыр.

Основную долю пенсионных накоплений составляют средства за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ). По состоянию на 1 августа 2026 года их объем достиг 26,31 трлн тенге, увеличившись за 12 месяцев на 2,69 трлн тенге или 11,4%.

Объем пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), превысил 751,56 млрд тенге. За последние 12 месяцев этот показатель вырос на 6,6%.Продолжается рост накоплений, сформированных за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ). На 1 августа 2026 года их объем составил 10,41 млрд тенге,

увеличившись за 12 месяцев на 14,9%.

Также отмечается значительный рост пенсионных накоплений, формируемых за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), которые поступают на пенсионные счета вкладчиков (получателей) с 1 января 2024 года. По состоянию на 1 августа 2026 года их объем составил 1 273,93 млрд тенге, увеличившись за 12 месяцев в 2,5 раза.

Поступления-Общий объем накоплений обеспечивается за счет пенсионных взносов и инвестиционного дохода. За 7 месяцев 2026 года на индивидуальные и условные пенсионные счета вкладчиков поступило 2 127,27 млрд тенге взносов, что на 15,7 % (или на 289,09 млрд тенге) больше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

На индивидуальные пенсионные

счета (ИПС) по учету ОПВ с начала 2026 года на 1 августа 2026 г. поступило 1 630,80 млрд тенге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 8,1 %), ОППВ – 87,69 млрд тенге (рост на 11,0%), ДПВ – 1251,28 млн тенге. Взносы за счет ОПВ с начала года на 01.08.2026 г. составили 407,53 млрд тенге.

Чистый инвестиционный доход, поступивший на счета вкладчиков с начала года, по состоянию на 01.08.2026 года составил 1233,05 млрд тенге.

Выплаты и переводы
Выплаты по всем видам взносов и переводы в страховые организации из ЕНПФ за январь-июль 2026 года достигли 1083,51 млрд тенге.

Объем выплат по возрасту составил 170,95 млрд тенге. Размер средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста – 38

993 тенге.Единоновременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение с начала 2026 года на 01.08.2026 г. составили 435,20 млрд тенге, выплаты по наследству – 63,06 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 28,13 млрд тенге, выплаты лицам с инвалидностью – 2,05 млрд тенге, выплаты на погребение – 5,56 млрд тенге. В страховые организации переведена сумма в размере 378,56 млрд тенге.

Количество ИПС
Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 августа 2026 года составило 18,89 млн единиц (рост за 12 месяцев - 1,12 млн единиц или 6,3%). При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 августа 2026 г. - 12,84 млн единиц, из них: 11,39 млн - по ОПВ, 789,48 тыс. - по ОППВ, 463,69 тыс. - по ДПВ. Отметим, что

в общее количество счетов по учету ОПВ (11,39 млн единиц) также входят счета получателей, выехавших на ПМЖ за пределы страны, но не обратившихся за накоплениями, умерших вкладчиков, чьи наследники не оформили наследование пенсионных накоплений, военнослужащих, переведенных с 2016 года на полное государственное пенсионное обеспечение, и других категорий вкладчиков (получателей), на счета которых в соответствии с казахстанским законодательством взносы не должны поступать.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР, составило 6,06 млн единиц. Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам размещена на сайте enpf.kz в разделе «Статистика и аналитика».

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ – ӨЗ БАҚЫЛАУЫҢЫЗДА: БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ КЕҢЕЙІТІЛУДЕ

2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексіне енгізілген өзгерістер күшіне енеді. Бұл өзгерістер БЖЗҚ салымшыларының зейнетақы жинақтарын басқару стратегиялары мен инвестициялық портфельдерді өз бетінше таңдау құқықтарын едәуір кеңейтеді. Енді салымшылар өздерінің зейнетақы жинақтарының 100%-ына дейін инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруына бере алады.

Жаңашылдықтардың мақсаты – ең қолайлы инвестициялық стратегиясы мен табыстылық тарихы бар ИПБ-ны таңдау арқылы жинақтарды басқарудың ұзақ мерзімді кірістілігін арттыру.

Міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарының (ЕЗЖ) салымшылары, сондай-ақ пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) мен ЕЗЖ аударылатын жеке тұлғалар сенімгерлік басқаруға берілетін зейнетақы жинақтарының көлемін өз бетінше айқындауға, бір немесе бірнеше ИПБ-ны, сондай-ақ өздерінің қаржылық мақсаттарына сәйкес бір немесе бірнеше инвестициялық портфельді таңдауға мүмкіндік алады.

Таңдау мүмкіндігі арта түседі
Заңнамаға сәйкес әрбір ИПБ салымшыларға тәуекел деңгейі, инвестициялар құрылымы және инвестициялау мерзімі бойынша ерекшеленетін инвестициялық портфельдердің үш түріне дейін (консервативті, теңгерімді және тәуекелі жоғары) ұсына алады. Үш түрлі портфельдің болуы инвестицияларды салымшының жасына және жеке мүдделеріне қарай бейімдеуге мүмкіндік береді. Ал жинақтарды бірнеше ИПБ арасында бөлу құқығы олардың табыстылығының ауытқуына тәуелділікті азайтады.

ИПБ-ның инвестициялық портфельдерін қалыптастыруға қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) айқындайды.

Барлық ақпарат – бір платформада
Салымшыларға қолайлы болу үшін БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қатысты негізгі ақпаратты біріктіретін invest.enpf.kz бірыңғай ақпараттық интернет-платформасын іске қосты. Платформа табыстылық туралы ақпаратқа ыңғайлы әрі құрылымдалған қолжетімділікті қамтамасыз етеді, белгіленген кезеңдер бойынша әртүрлі басқарушылардың (ҚР Ұлттық Банкі мен ИПБ-лардың) басқаруындағы инвестициялық портфельдердің көрсеткіштерін динамикада салыстыруға мүмкіндік береді.

Салымшы инвестициялық портфельдерді бағалап, өзінің мүддесі мен инвестициялық мақсаттарына сәйкес басқарушыны және оның инвестициялық стратегияларын дербес таңдай алады.

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға қалай беруге болады?
Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру үшін салымшы зейнетақы активтерін басқаруға рұқсат етілген инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) тізілімінен басқарушы компанияны таңдауы және өтініш беруі қажет. (Толық ақпарат БЖЗҚ сайтындағы «Қызметтер – Сенімгерлік басқаруға аудару – Инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімі» бөлімінде орналастырылған.)

Өтінішті:
enpf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып);

-жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну арқылы БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесінде беруге болады.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ға беру, бір ИПБ-дан екіншісіне ауыстыру немесе жинақтарды ИПБ-дан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) басқаруына қайтару бойынша қадамдық нұсқаулық мына сілтеме бойынша орналастырылған: <https://www.enpf.kz/kz/services/Invest/22218/>.

Өтініштің орындалу мәртебесін БЖЗҚ сайтындағы немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинеттен («Өтініштер» бөлімі) қадағалауға болады. Өтініштерді қабылдау және өңдеу үдерісі толық автоматтандырылған. Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру өтініш келіп түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде БЖЗҚ арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екіншісіне ауыстыруға немесе оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруына қайтаруға жинақтар инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген күннен бастап кемінде бір жыл өткеннен кейін ғана рұқсат беріледі.

ИПБ басқаруындағы зейнетақы жинақтарын қорғау тетіктері

Зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндіктерінің кеңеюі салымшының жауапкершілігінің де артуын білдіреді. ИПБ-ны таңдау – салымшының дербес шешімі. Ол ұсынылатын инвестициялық стратегияны, инвестициялық портфельдің құрылымын, тәуекел деңгейін және активтерді басқару нәтижелерін өз бетінше бағалайды.

Заңнамада зейнетақы жинақтарын қорғаудың кешенді жүйесі көзделген:

-ИПБ-ның қаржылық жауапкершілігі. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап табыстылықтың эталоны ретінде қолданылатын композиттік индекстер жүйесі енгізілді. Егер инвестициялық портфельдің табыстылығы белгіленген бағдардан төмен болса, басқарушы компания айырманы өз капиталы есебінен салымшыға өтеуге міндетті.

-Тәуелсіз кастодиан-банк. Барлық активтер кастодиан-банкте (тәуелсіз ірі банкте) сақталады. Ол активтердің заңнама талаптарына сәйкес орналастырылуын бақылайды. Бұл ретте активтер салымшының БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) есепке алынуын жалғастырады және ИПБ-ның меншікті активтерінен бөлек сақталады. ИПБ банкрот болған жағдайда салымшылардың зейнетақы активтері оның міндеттемелерін орындауға пайдаланылмайды.

-Инвестициялық шектеулер және әртараптандыру. Реттеуші ИПБ инвестициялай алатын қаржы құралдарының тізбесін белгілейді. Олардың қатарына Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары, қазақстандық және шетелдік ұйымдардың үлестік және борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ тиісті кредиттік рейтингі бар екінші деңгейдегі банктер мен бейрезидент-банктердегі салымдар кіреді. Жоғары тәуекелді цифрлық және криптоактивтер бұл тізбеге енгізілмеген, сондықтан зейнетақы жинақтарын оларға инвестициялауға жол берілмейді. Сонымен қатар заңнамада инвестициялау лимиттері белгіленген. Әрбір ИПБ реттеуші талаптарын ескере отырып, өзінің инвестициялық декларациясында басқару стратегиясын дербес айқындайды.

-Басқарушы компанияларға қойылатын талаптар. Зейнетақы активтерін басқаруға қаржылық тұрғыдан орнықты ИПБ ғана жіберіледі. Ол реттеушінің капитал жеткіліктілігіне, клиенттердің активтерін басқару тәжірибесіне, сондай-ақ ірі акционерінің немесе рейтингі «BBB» деңгейінен төмен емес бейрезидент акционерінің болуына қатысты реттеушінің талаптарына сәйкес келуі тиіс. Зейнетақы активтерін басқаруға рұқсат берілген ИПБ-лар тізілімі ҚНРДА мен БЖЗҚ-ның ресми интернет-ресурстарында жарияланған. Қазіргі уақытта зейнетақы активтерін басқару алты компанияның құзыретінде: «Alatau City Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ, «Halyk Finance» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ және «Tansar Capital» АҚ. ИПБ тізілімнен шығарылған жағдайда салымшылардың зейнетақы жинақтары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруына қайтарылады.БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ ПОД ВАШИМ КОНТРОЛЕМ: РАСШИРЯЮТСЯ ИНВЕСТИЦИОННЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ВКЛАДЧИКОВ ЕНПФ

С 7 сентября 2026 года вступают в силу изменения в Социальный кодекс Республики Казахстан , существенно расширяющие права вкладчиков ЕНПФ по самостоятельному выбору стратегий и портфельей по управлению пенсионными накоплениями. Теперь вкладчики смогут передавать в доверительное управление управляющим инвестиционным портфелем (УИП) до 100% своих накоплений. Нововведения направлены на повышение долгосрочной доходности от управления сбережениями за счет выбора УИП с наиболее подходящей инвестиционной стратегией и историей доходности.

Вкладчики обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и добровольных пенсионных взносов (ДПВ), а также физические лица, за которых перечислены обязательные профессиональные пенсионные взносы (ОППВ) и ДПВ, смогут самостоятельно определить объем своих накоплений, передаваемых в доверительное управление, выбрать один или несколько УИП, а также один или несколько инвестиционных портфельей в соответствии со своими финансовыми целями.

Больше возможностей для выбора
Согласно законодательству каждый УИП будет вправе предложить вкладчикам до трех видов инвестиционных портфельей (консервативный, умеренный, рискованный), различающихся по уровню риска, структуре инвестиций и сроку инвестирования. Наличие трех типов портфельей дает возможность адаптировать инвестиции под индивидуальный возраст и интересы вкладчика, а право распределять накопления между разными УИП минимизирует зависимость от колебаний их доходности.

Требования к формированию инвестиционных портфельей УИП определяется Агентством по регулированию и развитию финансового рынка (АРРФР).

Вся информация - на одной платформе
Для удобства вкладчиков ЕНПФ внедрил единую информационную интернет-платформу invest.enpf.kz, объединяющую ключевую информацию по инвестиционному управлению пенсионными активами. Платформа предоставляет удобный и структурированный доступ к информации о доходности, позволяет в динамике по заданному диапазону периодов сопоставлять различные данные по портфелям, находящимся в управлении всех доверительных управляющих (НБРК и УИП). Вкладчик может оценить инвестиционные портфели, а также самостоятельно выбрать управляющего и его стратегии инвестирования с учетом своих интересов.

Как передать накопления в доверительное управление?
Для перевода своих пенсионных накоплений вкладчику необходимо выбрать управляющую компанию из реестра УИП, допущенных к управлению пенсионными активами (подробная информация размещена на сайте ЕНПФ в разделе «Услуги - Перевод в доверительное управление - Реестр управляющих инвестиционным портфелем»), и подать заявление.

Это можно сделать:
-в личном кабинете на сайте enpf.kz (с использованием электронной цифровой подписи);
-в любом отделении ЕНПФ (при предъявлении документа, удостоверяющего личность).

Пошаговая инструкция (при переводе части пенсионных накоплений в УИП / от одного УИП к другому УИП / возврате накоплений из УИП в НБРК) размещена по ссылке: <https://www.enpf.kz/ru/services/Invest/22218/>.

Статус заявления можно отслеживать в своем личном кабинете на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ (вкладке «Заявление»). Процесс подачи и обработки заявлений полностью автоматизирован, а передача накоплений в доверительное управление УИП осуществляется ЕНПФ в течение 30 календарных дней после даты поступления заявления. При этом переводятся пенсионные накопления от одного УИП к другому, а также вернуть их под управление Национального Банка Республики Казахстан (НБРК) можно не ранее чем через один год с даты передачи пенсионных накоплений в доверительное управление управляющему инвестиционным портфелем.

Механизмы защиты пенсионных накоплений при управлении УИП
Расширение возможностей по управлению пенсионными накоплениями предполагает и более высокую степень ответственности самого вкладчика. Выбор УИП является его самостоятельным решением, вкладчик оценивает предлагаемую стратегию и структуру портфеля, уровень риска и результаты управления активами. Законодательством предусмотрена комплексная система защиты накоплений:

-финансовая ответственность УИП – с 1 января 2026 года действует система композитных индексов, используемых в качестве эталона доходности. Если доходность портфеля окажется ниже ориентира, управляющая компания обязана компенсировать разницу вкладчику за счет собственного капитала;

-независимый банк-кастодиан – все активы хранятся в банке-кастодиане (независимом крупном банке), который контролирует целевое размещение активов требований законодательства. При этом активы продолжают учитываться на индивидуальном пенсионном счете (ИПС) вкладчика в ЕНПФ и отделены от собственных активов УИП. В случае банкротства УИП пенсионные активы вкладчиков не могут быть использованы УИП;

-инвестиционные ограничения и диверсификация – регулятор определяет перечень инструментов, в которые УИП имеет право инвестировать. В него входят государственные ценные бумаги Казахстана и иностранных государств, долговые и долговые негосударственные бумаги казахстанских и иностранных организаций, а также вклады в банках второго уровня и в банках-нерезидентах с соответствующим кредитным рейтингом. Высокорисковые цифровые и криптоактивы в этот перечень не входят, поэтому инвестирование пенсионных накоплений в них не допускается. Законодательством также установлены лимиты инвестирования. Стратегию управления каждый УИП определяет самостоятельно в своей инвестиционной декларации с учетом регуляторных требований;

-требования к управляющим компаниям – к управлению пенсионными активами допускаются только финансово-устойчивые УИП, соответствующие требованиям регулятора по капиталу, опыту управления активами клиентов и наличию крупного акционера либо акционера-нерезидента с рейтингом не ниже «BBB». Реестр УИП, допущенных к управлению пенсионными активами, публикуется на сайтах АРРФР и ЕНПФ. В настоящее время к управлению допущены шесть компаний: АО «Alatau City Invest», АО «BCC Invest», АО «Halyk Global Markets» , АО «Halyk Finance», АО «Сентрас Секьюритиз», АО «Tansar Capital». При исключении УИП из реестра пенсионные накопления возвращаются под управление НБРК.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Қазақстанда азаматтардың лайықты зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты саналы көзқарасы жыл санап дамып келеді. Бұл үрдіс басқа елдерде әлдеқашан қалыптасқан тәжірибе. Зейнетақы жинақтарын өзінің қартайған кездегі әл-ауқат деңгейіне тікелей әсер ететін ұзақ мерзімді қаржылық капиталы ретінде қабылдайтын азаматтар саны көбеюде. Бұған зейнетақы жинақтары көлемінің серпінді өсуі, халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен (ЖЗЖ) қамту ауқымының кеңеюі, зейнетақы жарналарын тұрақты төлейтін азаматтар санының артуы дәлел.

Зейнетақы шоттары мен ондағы жинақтардың өсуі 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қазақстандықтардың БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары 28,09 трлн теңгеге жетіп, бір жыл ішінде 4,08 трлн теңгеге немесе 17,0%-ға өсті. ЖЗЖ дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі – зейнетақы шоттары санының тұрақты өсуі. 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да 18,78 млн зейнетақы шоты ашылған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,11 млн немесе 6,3%-ға көп.

Олардың ішінде салымшылардың (алушылардың) 12,80 млн жеке зейнетақы шоты бар. Оның ішінде 11,36 млн шот – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), 786,27 мың шот – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), 462,40 мың шот – ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша ашылған. Бұдан бөлек, БЖЗҚ-да жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша келіп түскен мәліметтер есепке алынатын 5,97 млн шартты зейнетақы шоты ашылған.

Шоттар мен жинақтар туралы барлық ақпарат ашық әрі азаматтарға тәулік бойы, аптасына 7 күн қолжетімді. Оны БЖЗҚ-ның сайтындағы немесе мобильді қосымшасындағы жеке үзінді көшірмеден, сондай-ақ БЖЗҚ-ның өңірлік бөлімшелерінен алуға болады.

Халықтың зейнетақы жарналарын төлеу белсенділігін қалай бағалаған жөн?

Азаматтардың зейнетақы жарналарын төлеу белсенділігін бағалау кезінде бірқатар маңызды жайт-тарды ескеру қажет. МЗЖ есепке алынатын шоттардың жалпы санына (11,36 млн) объективті себептерге байланысты жарналар түспейтін шоттар да кіреді. Оларға азаматтардың мынадай санаттары жатады:

-зейнет жасына жетіп, зейнетақы төлемдерін алып жүрген және еңбек қызметін әрі қарай жалғастырып, табысы болған жағдайда да зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған зейнеткерлер;

-мерзімсіз уақытқа бірінші және екінші топтағы мүгедектігі белгіленген адамдар;

-2016 жылдан бастап толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға көшірілген әскери қызметшілер;

-елден тыс жерлерге тұрақты тұруға көшіп кеткен, бірақ зейнетақы жинақтарын алуға жүгінбеген салымшылар;

-қайтыс болған, ал мұрагерлері зейнетақы жинақтарына мұрагерлік рәсімін әлі ресімдемеген салымшылар;

-Қазақстан заңнамасына сәйкес шоттарына зейнетақы жарналары түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттары.

Сонымен қатар, әр адамның өмірінде зейнетақы жарналары төленуі тиіс табысы болмайтын объективті жағдайлар кездеседі. Оларға мыналар жатады:

-оқу орындарында білім алу;

-әскери қызмет өткеру;

-балаға және туыстарына күтім жасау;

-жұмыс іздеу және жұмыс ауыстыру кезеңдері;

-шетелде жұмыс істеу;

-жұмыстың маусымдық сипатына байланысты үзілістер;

-күнтізбелік жыл ішінде табысы тұрақты түрде түспейтін жұмысты атқару;

-ұзақ уақыт емделуге және оңалтуға байланысты кезеңдер.

Сондықтан халықаралық тәжірибеде халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тартылуын бағалаудың жалпыға бірдей қабылданған әрі неғұрлым объективті көрсеткіштері ретінде табыс алатын азаматтардың саны және сәйкесінше жыл ішінде кемінде бір жарна түскен белсенді жеке зейнетақы шоттарының саны қарастырылады.

Тек 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында мұндай шоттардың саны 7,20 млн-нан 7,34 млн-ға дейін, яғни 150,3 мың шотқа артты. Сәйкесінше, бұл шоттардағы зейнетақы жинақтарының көлемі де өсті. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында олардың көлемі 20,95 трлн теңгеден 22,24 трлн теңгеге дейін, яғни шамамен 1,29 трлн теңгеге немесе 6,2%-ға ұлғайды.

Белсенді шоттардың негізгі бөлігі тұрақты еңбек қызметін жүзеге асыратын және МЗЖ-ны жүйелі түрде төлейтін азаматтарға тиесілі. Олардың саны алты ай ішінде 6,77 млн-нан 6,93 млн-ға дейін өсті, ал осы шоттардағы жинақтар 20,10 трлн теңгеден 21,07 трлн теңгеге дейін ұлғайды.

Зейнетақы жарналарын төлеудің тұрақтылығы мен толықтығы

ЖЗЖ-ға қатысу ұзақтығынан бөлек, жеткілікті зейнетақы жинақтарын қалыптастырудың маңызды факторларының бірі – жарналарды тұрақты әрі толық көлемде төлеу.

Қазақстанда бір жыл ішіндегі МЗЖ төлеудің орташа тұрақтылық көрсеткіші біртіндеп өсіп келеді:

- жалдамалы қызметкерлер арасында бұл көрсеткіш 2024 жылғы 8,95 жарнадан 2025 жылы 8,98 жарнаға дейін өсті;

- өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында 7,36-дан 7,53 жарнаға дейін артты.

Бұл ретте 2025 жылы жалдамалы қызметкерлердің 80%-ы және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 64%-ы зейнетақы жарналарын жылына 6-дан 12 ретке дейін аударған.

2025 жылы жарналардың орташа мөлшері жалдамалы қызметкерлер арасында 43 661 теңгені құрады. Бұл республика бойынша орташа жалақы деңгейіндегі табыстан төленетін жарна мөлшерімен үйлеседі. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында бұл көрсеткіш 23 225 теңге болды, бұл ең төменгі жалақыдан жоғары, алайда медиандық жалақыдан төмен табыстан төленетін жарнаны көрсетеді.

Ұзақ мерзімді динамика да халықты ЖЗЖ-мен қамту деңгейінің және МЗЖ төлеу тәртібінің біртіндеп жақсарып келе жатқанын көрсетеді. Егер 2015 жылы МЗЖ есепке алынатын белсенді шоттардың саны 6,07 млн болса, 2025 жылы олардың саны 7,20 млн-нан асты. Жарналарды жылына 6-дан 12 ретке дейін төлейтін азаматтардың үлесі 2015 жылғы 71%-дан 2025 жылы 78%-ға дейін өсті. Тиісінше, жарналарды жүйелі түрде емес, яғни жылына 1-ден 5 ретке дейін аударатын азаматтардың үлесі 29%-дан 22%-ға дейін төмендеді.

Зейнетақы жарналарының салымшылар табысының деңгейіне тәуелділігі

Салымшылардың табыс деңгейіне қарай МЗЖ есепке алынатын белсенді жеке шоттардың құрылымында да оң өзгерістер байқалады.2025 жылдың қорытындысы бойынша (2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай) ең төменгі жалақыдан (ЕТЖ) төмен табыстан жарна төленетін шоттардың үлесі 12%-дан 9%-ға дейін қысқарды. Мұндай шоттардың саны 838,3 мыңнан 652,4 мыңға дейін, яғни 22,2%-ға азайды. Олардың қатарына жұмыс күні толық емес немесе ауысымдық жұмыспен қамтылған салымшылар жатады.Сонымен бірге жоғары мөлшердегі табыстан жарна түсетін шоттардың да саны артты. 2025 жылдың қорытындысы бойынша медиандық жалақыдан орташа айлық жалақыға дейінгі аралықтағы табысы бар белсенді шоттардың үлесі 44%-дан (2025 жылғы 1 қаңтардағы) 45%-ға (2026 жылғы 1 қаңтарда) дейін өсті. Ал мұндай белсенді шоттардың саны 3,17 млн-нан 3,28 млн-ға дейін артты.Бұл динамика ресми жұмыспен қамту және табыстың өсуін ғана емес, азаматтардың өз табыстарынан жарналарды ашық әрі толық көлемде төлеу арқылы қалыптастыруға ұмтылысын да көрсетеді.2025 жылдың қорытындысы бойынша жалдамалы қызметкерлердің жүйемен қамтылу деңгейі 91%-ға жетті. Бұл олардың толық дерлік қамтылғанын және зейнетақы жинақтарын қалыптастырудағы белсенділіктерін көрсетеді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында қамту деңгейі төменірек. Осыған байланысты халықаралық оң тәжірибені ескере отырып, оларды зейнетақы жүйесіне тарту бойынша кешенді шараларды іске асыру қажет. Бұл аса маңызды, өйткені базалық зейнетақы мөлшері де еңбек өтіліне байланысты. Ал еңбек өтілі БЖЗҚ-ға МЗЖ-ның ай сайын түсуі негізінде айқындалады.

Осылайша, қазіргі жағдайда зейнетақы жинақтарын қалыптастыру зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі табысты қамтамасыз ету тетігі ғана емес, сонымен қатар қоғамның қаржылық мәдениеті мен азаматтардың қаржылық дербестігінің маңызды элементіне айналып келеді.

Азаматтар өз шоттарының жай-күйін үнемі бақылап, БЖЗҚ-ның электрондық сервистерін пайдаланады, инвестициялық кірісті қадағалап, зейнетақы активтерін басқару мүмкіндіктерін зерделейді. Азаматтардың өз жинақтарын қалыптастыруға қатысуы, жарналарды тұрақты түрде төлеуі және жинақтарды басқаруа қызығушылық танытуы Қазақстанда ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау мәдениетінің біртіндеп қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Бұл ретте болашақтағы әл-ауқат үшін жауапкершілік мемлекет, жұмыс берушілер және азаматтардың өздері үшін ортақ міндетке айналуады.

ЧИСЛО КАЗАХСТАНЦЕВ, РЕГУЛЯРНО ФОРМИРУЮЩИХ СВОИ ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ, РАСТЕТ

С каждым годом в Казахстане растет уровень осознанного отношения граждан к своему пенсионному обеспечению, так же, как это принято в других странах. Все больше людей воспринимают свои пенсионные накопления как собственный долгосрочный финансовый капитал, от которого зависит уровень благосостояния в пожилом возрасте. Об этом свидетельствуют динамичный рост объема накоплений, расширение охвата населения накопительной пенсионной системой (НПС), увеличение количества граждан, уплачивающих пенсионные взносы, повышение регулярности их перечисления.

Рост пенсионных накоплений и открытых пенсионных счетов граждан По состоянию на 1 июля 2026 года пенсионные накопления казахстанцев в ЕНПФ достигли 28,09 трлн тенге, увеличившись за год на 4,08 трлн тенге или на 17,0%.

Одним из показателей развития НПС является устойчивый рост количества пенсионных счетов. По состоянию на 1 июля 2026 года в ЕНПФ открыто 18,78 млн пенсионных счетов, что на 1,11 млн или 6,3% больше, чем годом ранее. Из них 12,80 млн составляют индивидуальные пенсионные счета вкладчиков (получателей), в том числе 11,36 млн – по обязательным пенсионным взносам (ОПВ), 786,27 тыс. – по обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ) и 462,40 тыс. – по добровольным пенсионным взносам (ДПВ). Кроме того, в ЕНПФ открыто 5,97 млн условных пенсионных счетов, на которых учитываются сведения о поступивших обязательных пенсионных взносах работодателя (ОПБР). Вся информация о счетах и накоплениях прозрачна и доступна гражданам в режиме 24/7 в индивидуальной выписке, которую можно получить на сайте или мобильном приложении, а также в региональных офисах ЕНПФ.

Как правильно оценивать активность населения по уплате пенсионных взносов?

При оценке активности граждан важно учитывать следующее: в общее количество открытых счетов по учету ОПВ (11,36 млн) входят счета, на которые уже не поступают взносы по объективным причинам. Такие счета включают следующие категории граждан:

- получатели пенсионных выплат, достигшие пенсионного возраста и освобожденные от дальней уплаты пенсионных взносов даже в случае продолжения трудовой деятельности и наличия дохода,
 - лица с инвалидностью первой и второй группы, установленной бессрочно,
 - военнослужащие, переведенные с 2016 года на полное государственное пенсионное обеспечение,
 - вкладчики, выехавшие на ПМЖ за пределы страны, но не обратившиеся за накоплениями,
 - умершие вкладчики, чьи наследники еще не оформили наследование пенсионных накоплений,
 - другие категории вкладчиков (получателей), на счета которых в соответствии с казахстанским законодательством взносы не должны поступать.
- Кроме того, в течение жизни у всех граждан возникают обстоятельств, в период которых они не имеют дохода, с которого должны уплачиваться пенсионные взносы. Такие периоды включают следующее:
- учеба в учебных заведениях,
 - служба в армии,
 - уход за детьми и родственниками,
 - периоды поиска и смены работы,
 - работа за рубежом,
 - перерывы, связанные с сезонным характером работы,
 - работа, предполагающая нерегулярное получение дохода в течение календарного года,
 - периоды, связанные с длительным лечением и реабилитацией.

Поэтому в международной практике общепринятыми и наиболее объективными показателями вовлеченности населения в НПС является количество граждан, получающих доход, и соответственное количество активных индивидуальных пенсионных счетов, на которые в течение года поступил хотя бы 1 взнос. Только за первое полугодие 2026 года их число увеличилось с 7,20 млн до 7,34 млн счетов (на 150,3 тыс.). Одновременно на них вырос и объем пенсионных накоплений. За первое полугодие 2026 года он увеличился с 20,95 трлн тенге до 22,24 трлн тенге, или почти на 1,29 трлн тенге (6,2%).

Основная часть активных счетов принадлежит гражданам, осуществляющим трудовую деятельность, постоянно и регулярно уплачивающим ОПВ. Их количество за шесть месяцев выросло с 6,77 млн до 6,93 млн, накопления на них увеличились с 20,10 трлн до 21,07 трлн тенге.

Регулярность и полнота уплаты пенсионных взносов

Важными факторами формирования адекватных пенсионных накоплений (помимо продолжительности участия в НПС) являются регулярность и полнота уплаты взносов.

В Казахстане средний уровень регулярности уплаты ОПВ за год неуклонно растет:

- у наемных работников этот показатель увеличился с 8,95 в 2024 году до 8,98 взносов в 2025 году,
- у самозанятых - с 7,36 до 7,53.

При этом пенсионные взносы в 2025 году от 6 до 12 раз в год перечисляли 80% наемных работников и 64% самозанятых. Средний размер взносов в 2025 году составил 43 661 тенге – среди наемных (что коррелирует с уплатой взносов с доходов на уровне средней заработной платой по республике), 23 225 тенге - среди самозанятых (что показывает на уплату взносов с доходов выше минимальной заработной платы, но ниже медианной заработной платы). Долгосрочная динамика также указывает на постепенный рост охвата населения НПС и дисциплины уплаты ОПВ. Если в 2015 году количество активных счетов по учету ОПВ составило 6,07 млн, то в 2025 году их количество превысило 7,20 млн. Доля граждан, уплачивающих взносы от 6 до 12 раз в год, выросла с 71% в 2015 году до 78% в 2025 году, соответственно, доля тех, кто перечисляет взносы эпизодически (от 1 до 5 раз в год), сократилась с 29% до 22%. Зависимость пенсионных взносов от уровня дохода вкладчиков

Положительные изменения наблюдаются в структуре индивидуальных счетов по учету ОПВ в зависимости от уровня дохода вкладчиков.

За 2025 год (по состоянию на 01.01.2026 г.) сократилась доля счетов, на которые уплачивались взносы с доходов ниже минимальной заработной платы (МЗП), - с 12% до 9% (количество таких счетов уменьшилось с 838,3 тыс. до 652,4 тыс. или на 22,2%). К ним относятся вкладчики, занятые неполный рабочий день или имеющие работу сменного характера.

Вместе с тем выросло число счетов, на которые поступают взносы с более высоких доходов. За 2025 год доля активных счетов с доходами в диапазоне от медианной до среднемесячной заработной платы выросла с 44% (на 01.01.2025 г.) до 45% (на 01.01.2026 г.), а количество таких активных счетов выросло с 3,17 млн до 3,28 млн. Такая динамика отражает как рост официальной занятости и доходов, так и стремление граждан формировать свои накопления с уплатой взносов от получаемых доходов прозрачно и в полном объеме.

По итогам 2025 года охват системой среди наемных работников достиг 91%, что свидетельствует о практически полном их охвате и участии в формировании своих пенсионных накоплений. Среди самозанятых работников охват ниже, что требует реализации комплекса мер по их вовлечению в пенсионную систему с учетом положительной международной практики. Это тем более важно, поскольку размер базовой пенсии также зависит трудового стажа, который определяется на основе ежемесячного поступления ОПВ в ЕНПФ.

Таким образом, в современных условиях формирование пенсионных сбережений становится не только механизмом обеспечения дохода после выхода на пенсию, но и важным элементом финансовой культуры общества и финансовой самостоятельности ее граждан.

Граждане все чаще контролируют состояние своих счетов, используют электронные сервисы ЕНПФ, интересуются инвестиционным доходом и изучают возможности управления пенсионными активами. Участие граждан в формировании собственных накоплений, регулярная уплата взносов и интерес к управлению сбережениями свидетельствуют о постепенном формировании в Казахстане практики долгосрочного финансового планирования, где ответственность за будущее благосостояние становится общей задачей государства, работодателей и самих граждан.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГ

Жемқорлыққа ЖОЛ ЖОҚ!



емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері, әлеуметтік сұрау жүргізу деректері мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз болып табылуы мүмкін.

Құрметпен, Ескелді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы !

НАШАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ, ОҒАН ҚАРСЫ КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

Нашақорлық – бүгінгі қоғамдағы ең күрделі әлеуметтік мәселелердің бірі. Ол жеке адамның денсаулығына ғана емес, оның отбасына, қоршаған ортасына және тұтас қоғамның қауіпсіздігіне зиян келтіреді. Сондықтан есірткіге тәуелділіктің алдын алу – баршамызға ортақ міндет.

Есірткіге әуестік көбіне адамның өміріндегі қиын кезеңдерден, теріс ортаның ықпалынан немесе «бір рет байқап көруден ештеңе болмайды» деген қате түсініктен басталады. Алайда оның соңы тәуелділікке әкеліп, адамның еркіндігін, денсаулығын және өмірлік мақсаттарын жоғалтуына себеп болуы мүмкін.

Нашақорлық адамның ағзасына орасан зор зиян келтіреді. Есірткі қолданған адамның денсаулығы әлсіреп, психологиялық жағдайы өзгереді. Уақыт өте келе ол бұрынғы қызығушылықтарынан, достарынан, оқуынан немесе жұмысынан алыстап, бар назарын есірткіге тәуелді етеді. Ең өкініштісі – бұл дерт адамның жақындарына да ауыр зардап әкеледі.

Әсіресе жастар арасында есірткінің алдын алу жұмыстарының маңызы ерекше. Жасөспірім үшін отбасының тәрбиесі, ата-ананың назары, дұрыс достық орта мен пайдалы іспен айналысуы маңызды рөл атқарады. Баламен ашық сөйлесу, оның мәселесін тыңдау және қиындыққа тап болған кезде қолдау көрсету – алдын алудың тиімді жолдарының бірі.

Мектеп пен колледждерде де есірткінің зияны туралы түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілуі қажет. Бірақ құр тыйым салумен шектелу жеткіліксіз. Жастарға өз болашағын дұрыс жоспарлауға, спортпен, өнермен, ғылыммен және басқа да пайдалы істермен айналысуға мүмкіндік жасау маңызды.

Нашақорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл іске отбасы, білім беру ұйымдары, медицина мамандары, қоғамдық ұйымдар және әрбір азамат өз үлесін қоса алады. Есірткіге қарсы ең мықты қорған – саналы тәрбие, дұрыс орта және адамға деген қамқорлық.

Қоғамның болашағы – бүгінгі жастардың қолында. Сондықтан есірткіден аулақ болу – тек өз денсаулығыңды қорғау емес, отбасыңның тыныштығын, жақындарыңның үмітін және елдің ертеңін қорғау.

Нашақорлықтың алдын алу үшін немқұрайлы болмауымыз керек. Біреудің қиын жағдайға түскенін байқасақ, оны айыптаудан бұрын көмекке бағыттау маңызды. Себебі тәуелділік – ұят немесе жаза мәселесі ғана емес, кәсіби көмек пен қолдауды қажет ететін күрделі мәселе.

Есірткісіз қоғам құру – бір күнде орындалатын міндет емес. Бірақ әр отбасының тәрбиесі, әр ұстаздың сөзі, әр жастың дұрыс таңдауы осы мақсатқа бастайтын маңызды қадам. Біздің ең үлкен жеңісіміз – есірткіге тәуелді адамды жазалау емес, оның алдын алып, жастарды бұл жолға түспеуге тәрбиелеу.

Жетекші маманы М.Серік
«Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ – ҚОҒАМ ӨЗЕКТІСІ!

Қазіргі кезеңде құқық бұзушылық мәселесі қоғамның тұрақты дамуына елеулі қауіп төндіретін өзекті проблемалардың бірі болып отыр. Заң талаптарын сақтамау, қоғамдық тәртіпті бұзу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғу – мұның барлығы құқықтық мәдениеттің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Құқық бұзушылықтың туындауына әсер ететін факторлар сан алуан. Олардың қатарында әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық, білім мен тәрбие деңгейінің төмендігі, сондай-ақ отбасындағы тәрбиенің әлсіздігі ерекше орын алады. Бұдан бөлек, кейбір азаматтардың заң талаптарына немқұрайлы қарауы, жауапкершілікті толық сезінбеуі де құқық бұзушылықтың көбеюіне ықпал етеді.

Әсіресе, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық қоғам назарын ерекше талап етеді. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырмау, олардың теріс ортаға түсуі, интернет кеңістігіндегі зиянды ақпараттардың ықпалы – бұл мәселені күрделендіре түседі. Сондықтан бұл бағытта ата-аналар, білім беру мекемелері мен мемлекеттік органдар бірлесе жұмыс істеуі қажет.

Құқық бұзушылықтың алдын алу – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Бұл ретте құқықтық сауаттылықты арттыру, заң талаптарын түсіндіру, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, профилактикалық шараларды күшейту, жастарға арналған тәрбиелік бағдарламаларды дамыту – уақыт талабы.

Қорытындылай келе, құқық бұзушылықпен күрес жүйелі әрі кешенді түрде жүзеге асырылуы тиіс. Әрбір азамат заң талаптарын құрметтеп, қоғамдық тәртіпті сақтауға үлес қосқанда ғана құқықтық мемлекет құру жолында нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Жетекші маманы М.Серік,
«Ескелді ауданы Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

«Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызметтің 5 түрін көрсететінін хабарлай-мыз.

Олар:

1. Кент,ауыл жерлерінен жер учаскесін беру
2. Сауда-саттық (конкурстар-ды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекеттік меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарын алу.
3. Жер учаскелерін алу үшін кезекке қою.
4. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру
5. «Жер учаскесін жеке меншікке

ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»

- 6.Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту.

Аталған мемлекеттік қызметтер электрондық лицензиялау порталы арқылы көрсетіледі.Сондай-ақ Бақтыбай ауылдық округі әкімдігінің ғұмаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар.

HABARLANDYRU

Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Ескелді би көшесі, 71 үй мекежайында орналасқан ГКП на ПХВ ««Ветеринар-ная станция Ескельдинского района с ветеринарными пунктами» ГУ «Управление ветеринарии области Жетісу»» биологиялық және медициналық қалдықтарды термиялық жоюға арналған жылжымалы крематорына арналған «Рұқсат етілген шығарындылар нормативі» бойынша қоғамдық тыңдаулар 09.10.2026 ж. сағат 15:00-да, Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Ескелді би көшесі, 71 үй мекежайында нысан аумағында өтеді.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eH1VvakJrdz09&omn=79444169202>

Конференция идентификаторы: 399 091 9748 , кіру коды: 8888

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: ГКП на ПХВ «Вете-ринарная станция Ескельдинского района с ветеринарными пункта-ми» ГУ «Управление ветеринарии области Жетісу» БСН 120440000206, Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Ескелді би көшесі, 71 үй , тел. +77773756207.

«Рұқсат етілген шығарындылар нормативі» жобасын әзірлеуші:«Пориком фирмасы» ЖШС БСН 931040000540, Алматы қ.,1-ш/а, 66Б үйі,т.е. 3а, 5-кеңсе. Қосымша ақпарат алуға болатын байла-ныстар менэл.мекенжай:тел.+77017227234,e-mail: porikom2024@gmail.com.

Жоба материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтында, соны-мен бірге Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында мына сілтеме бой-ынша; <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural> танысуға бо-лады. Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайты және ЖАО priroda@zhetysu.gov.kz эл. поштасы арқылы қабылданады.

Общественные слушания по проекту «Нормативное допустимых выбросов» для Крематора передвижного для термического уничто-жения биологических и медицинских отходов ГКП на ПХВ «Ветери-нарная станция Ескельдинского района с ветеринарными пунктами» ГУ «Управление ветеринарии области Жетісу» расположенной в с. Карабулак по ул.Ескельди би, дом 71 Ескельдинском районе области Жетісу, будут проводиться 09.10.2026 г. в 15.00. по адресу: областъ Жетісу, Ескельдинский район, с. Карабулак, ул. ул.Ескельди би, дом 71, на территории объекта.

Ссылка на онлайн-конференцию <https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eH1VvakJrdz09&omn=79444169202>

Идентификатор конференции: 399 091 9748, код доступа: 8888

Инициатор намечаемой деятельности: ГКП на ПХВ «Ветеринар-ная станция Ескельдинского района с ветеринарными пунктами» ГУ «Управление ветеринарии области Жетісу» БИН 120440000206, об-ласть Жетісу, в Ескельдинский район, с.Карабулак, ул.Ескельди би, дом 71, тел. +77773756207.

Разработчик проекта «Нормативное допустимых выбросов» – ТОО «Фирма Пориком» БИН 931040000540, г. Алматы, мкр. 1, дом 66Б, н.п.3а, офис 5. Контакты и электронный адрес, по котормым можно получить дополнительную информацию: тел. +77017227234, e-mail: porikom2024@gmail.com.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также на сайте ГУ «Управления природных ре-сурсов и реулирования природопользования по област Жетісу» по ссылке; <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural>, замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а так-же по электронной почте МИО priroda@zhetysu.gov.kz.

Құрметті салық төлеушілер!

«Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі,Сіздерді Қазақстан Републикасы Салық Кодексінің «Салықтар және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы»Заңына сәйкес- көлік салығын уақытылы төлеулеріңізді сұрайды.

«Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

Уважаемые налогоплательщики!

Государственное учреждение «Аппарат акима Кокжазыкского сель-ского округа» в соответствии с кодексом «О налогах и других обяза-тельных платежей в бюджет» напоминают Вам о погашении задол-женности по транспортному налогу.

ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа»

Открыто наследственное дело на имущество Айнаулов Игилик Муратович, умершего 11.06.2026 г.

Наследников прошу обращаться: п. Карабулак, ул. Оразбекова, 25, офис 35 к Нурғалиеву С.К., 8 777 372 00 17.

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ!

Сообщаем, что государственное учреждение «Аппарат аки-ма Бактыбайского сельского округа» оказывает 5 видов госу-дарственных услуг.

Такие как:

- 1.Предоставление земельного участка из земель поселка, села.
- 2.Выдача решения на изменение целевого назначения.
- 3.Приобретение прав на земельный участки,которые нахо-дятся в государственной собственности, не требующее про-ведение торгов (аукционов)
- 4.Постановка на очередь на получение земельного участка
- 5.«Продажа земельного участка в частную собственность одновременно либо в рассрочку»
- 6.«Продление срока аренды земельного участка».

Данные государственные услуги оказываются через портал Электронного лицензирования.

Также сообщаем что в здании акимата Бактыбайского сель-ского округа имеется Уголок самообслуживания.

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаха-насында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Карабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шыға-рылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1130 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
--	---	---	--	--	--	--